

КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ДАМУ  
ЖӨНІНДЕГІ Н.НАЗАРБАЕВ ОРТАЛЫҒЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ДІНИ КОНВЕРСИЯ БОЙЫНША  
ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ**



*Астана 2023*

**Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі  
Н.Назарбаев орталығы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ КОНВЕРСИЯ  
БОЙЫНША ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ**

*Жоғары оқу орындарының теологиялық және дінтану  
мамандықтарының студенттері, магистранттары мен  
докторанттары үшін*

**Астана 2023**

**Қазақстан Республикасындағы діни конверсия бойынша қысқаша анықтамалық құрал** [Электронды ресурс] // Карабаева М.С., Камарова Р.И., Малгараева З.Б., Кикимбаев М.Ж., Иманмухамед Д.С., Жақиянов Д.Ж., Идрисов А.Ж., Укенов А.С., Сағынбек Г.Н. – Астана қ.: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ, 2023. - 103 б.

Бұл қысқаша анықтамалық құрал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мемлекеттік тапсырмасы аясында әзірленген.

Құралда діни конверсияның өзекті теориялық дискурстарымен әдістемелік тәсілдер ұсынылған, сондай-ақ олардың Қазақстандағы кілтті ерекшеліктері анықталған. Зерттеу жүргізу үшін тәжірибелік қолдау ретінде әртүрлі тереңдетілген және сарапшылық гайдтары ұсынылған.

Осы қысқаша анықтамалық құрал жоғарғы оқу орындарының дінтанулық және теологиялық мамандық студенттеріне, мемлекеттік қызметшілерге, білім беру саласының қызметкерлеріне, дінтанушыларға, теологтарға, сарапшыларға, сонымен қатар барлық мүдделі тұлғаларға арналған.

© «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ

## **МАЗМҰНЫ**

<b>Кіріспе.....</b>	<b>4</b>
<b>Діни конверсияның негізгі теориялары.....</b>	<b>6</b>
<b>Діни конверсияларды зерттеудегі әдістемелік тәсілдер .....</b>	<b>22</b>
<b>Қазақстандағы діни конверсияларды зерттеу.....</b>	<b>34</b>
<b>Қорытынды.....</b>	<b>44</b>
<b>Діни конверсияның негізгі терминдерінің глоссарийі.....</b>	<b>46</b>
<b>Конверсияларды зерттеу бойынша өзекті әдебиеттер тізімі.....</b>	<b>50</b>

## КІРІСПЕ

Осы қысқаша анықтамалық құрал - діни конверсия құбылысын зерттеу бойынша теориялық және далалық жұмыстарды жүргізуге арналған практикалық нұсқаулық болып табылады. Бұл қолданыстағы зерттеулерді, оның ішінде Қазақстанның мәнмәтінін ескере отырып, ауқымды талдауға негізделген әдістемелік ұсынымдар.

Қысқаша анықтамалық құралдың өзектілігі Қазақстан Республикасының дін саласындағы 2021 – 2023 жылдарға арналған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды орындау қажеттілігіне байланысты, оған сәйкес қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін оған сәйкес қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін «қоғамда дінаралық және этносаралық қақтығыстардың туындауына жол бермеу үшін елдегі және одан тыс жерлердегі діни ахуалдың одан әрі дамуына тұрақты мониторинг жүргізу және болжау» қажет»<sup>1</sup> (б қосымша).

Қысқаша оқу құралын жазудың мақсаты елдің жоғары оқу орындарындағы дінтану және теологиялық мамандықтар бойынша оқу-білім беру үрдісін теориялық және әдіснамалық қолдау, сонымен қатар, - діни конверсия тақырыбында жұмыс істейтін жас зерттеушілер мен оқытушыларға көмектесу. Осы мақсатта діни конверсияны зерделеудің әрі қарайғы зерттеу және оқытушылық қызметте пайдаланылуы мүмкін негізгі тәсілдерін жүйелеу, әлемдік ғылымда, сондай-ақ посткеңестік кеңістік бойынша және нақты Қазақстан Республикасы бойынша қолда бар деректерді жинақтау қолға алынды.

Қысқаша анықтамалық құрал үш негізгі аспектіні қамтиды: теориялар, әдістемелік тәсілдер және Қазақстандағы конверсияларды зерттеу тәжірибесі.

Бірінші бөлімде діни конверсияларға қатысты **әртүрлі теорияларға** шолу жасалды. Діни конверсияның себептері, үрдістері мен салдары туралы әртүрлі түсініктемелер ұсынатын классикалық және заманауи теориялық тәсілдер қарастырылды. Теориялық модельдер әртүрлі

---

<sup>1</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P20000000953> - өтініш беру күні: 30.06.2023.

пәндердің тәсілдерін, сондай-ақ проблемалық пәнаралық салаларды қамтиды.

Екінші бөлімде діни конверсияларды зерттеуге бағытталған **әдістемелік ұсыныстар ұсынылады**. Олар деректерді жинаудың әртүрлі әдістерін, соның ішінде сапалық және сандық зерттеулерді, сондай-ақ сұхбат беру және фокус-топтарды жүргізу бойынша ұсынымдарды ұсынады. Сонымен қатар діни конверсияларды зерттеу кезінде этикалық мәселелер мен құпиялылыққа ерекше назар аударылады.

Ұсынымдардың үшінші бөлігі Қазақстандағы **діни конверсияларды зерттеу тәжірибесіне** негізделген. Ол бөлімде қолда бар тәжірибелер қарастырылады, мән-мәтіннің ерекшеліктері талданады және сараптамалық және терең сұхбат жүргізу үшін шамамен нұсқаулықтар беріледі.

Бұл әдістемелік құрал жоғары оқу орындарының теологиялық және дінтану мамандықтарының студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына сондай-ақ діни конверсия тақырыбына қызығушылық танытатын және қазіргі әлемнің мәдениеттері мен діндерін, әлеуметтік антропологияны, дін әлеуметтануын, мемлекеттік басқаруды зерттеумен айналысатын мамандарға арналған.



## ДІНИ КОНВЕРСИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАРЫ

Діни конверсия, діни көзқараспен қауымға тиесілік сипатының өзгеруі ретінде жаңа дінге ауысу – күрделі және жеке үдеріс. Дегенмен, қоғамды тұтас алып зерттеу тұрғысынан бұл үдеріс үлкен қызығушылық тудырады. Көптеген зерттеушілер бұл түсініктің астарында дінді немесе конфессияны өзгерту үдерісін түсінеді. Сонымен қатар, адам номиналды түрде өзін діни қауымға жатқызбаса және сол қауымның дәстүрлері аясында жүріп шынайы, саналы діндарлыққа келсе ол құбылысты да діни конверсияға жатқызуға болады деген пікірлер де бар. Жаһандану үрдістерімен, қоғамдағы діннің рөлі сақталып, тіпті күшеюімен, сонымен қатар мәдениеттердің араласуы салдарынан діни конверсияны зерттеуге баса назар аударылуда.

Алдыңғы жылдардың тарихымен салыстырғанда біздің заманымыздағы діндарлық мүлдем басқа. Интернеттің таралуымен кез-келген санаттағы адамға әртүрлі мәдени тәжірибелер туралы ақпарат қолжетімді болды, қарым-қатынастың және ынтымақтастықтың жаңа тәжірибелері дамып, бірлестіктер құрудың жаңа үлгілері пайда болуда. Адамның өзін-өзі түсінуіне ерекше қатынас кең тарала бастады. Өзінің жеке сәйкестігін өзгерту мүмкіндігі бұрынғыдай қайғылы кедергілерге тап болмауда. Бұлардың барлығы діндар адамның дін жолында әрдайым ой-толғауымен күш-жігерін талап ететін саналы діндарлықтың қалыптасуына жағдай жасайды.


Сондықтан бір діннен екінші дінге өту ғана емес, дінді өзгертпей саналы сенімге келуді кейбір зерттеушілер конверсия ретінде қарастырады.<sup>2</sup>

Алайда, бұндай көзқарас орыс тілді әдебиеттерде кең таралмаған. Конверсияға деген бұл көзқарас көп жағдайда діни қызметкерлермен жоққа шығарылады, сондықтан бұл мәселеге баса назар аудармаймыз. Сонымен қатар, олардың арасында сенімсіздіктен діни сенімге өту жайлы да нақты ортақ пікір жоқ (ғылыми әдебиеттерде ол конверсия деп қарастырылады). Кез-келген діни конверсия бойынша ғылыми жұмыста

---

<sup>2</sup> Gooren H. Religious Conversion and Disaffiliation. Tracing Patterns of Change in Faith Practices, 2010.

зерттеу нысанын анықтайтын бөлімде осы көзқарастардың барлығын және соның ішінде автор қайсысын пайдаланғысы келетінін көрсетуі қажет (1 сурет). Мысалы, осындай нақтылауды сауалнама деректерін пайдаланған маңызды бір еңбектің авторалары конверсияның астарында сегіз топқа бөлген «ірі» діни бағыттардың (shifts across major types of religion) арасындағы ауысуларды түсінетіндерін көрсеткен<sup>3</sup>. 1 суретте бұл көзқарас 2 санымен белгіленген.



1 сурет. *Діни конверсияны анықтау тәсілдері*

Діни конверсияның тарихта көптеген мысалдары байқалғанымен бұл құбылыс бірден теориялық пайымдауға ие болмады.

Айта кететін жәйт, діни конверсияға деген көзқарас кейбір авторлардың жұмыс істеу аясындағы бағыттарына тікелей байланысты. Сондай-ақ, авторлар белгілі бір кезеңдерде ұстанған жалпы ғылыми парадигманы үнемі ескеріп отыру қажет, бұл парадигма жаңа деректер жинақталып, ғылым дамыған сайын өзгеріп отыратынын есте ұстаған жөн.

<sup>3</sup> Barro, R., Hwang, J., & McCleary, R. Religious Conversion in 40 Countries. Journal for the Scientific Study of Religion, 49(1). 2010. – с.33



Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда маңызды бетбұрыстарды атап өткен жөн:

- 19 ғасырдағы позитивизм идеяларының дамуы (қатаң ғылыми сипат пен дәлелдерге ұмтылу);
- кейінгі онжылдықтардағы позитивизмді сынау (әлеуметтік антропология ықпалымен);
- ғылымдағы постмодернизм шеңберіндегі интерпретациялық (герменевтикалық) көзқарастың қалыптасуы сияқты әлеуметтік-гуманитарлық білімдегі маңызды бетбұрыстарды атап өтуге болады және оған сәйкес мәдениетті зерттеу зерттелетін құбылыстардың нақты берілуімен емес, оның интерпретациясымен көбірек байланысты, ал ғылымның жеке басы бұл интерпретацияға әрқашан әсер етеді.

Әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде сәйкестік идеялары, сәйкестендірудің динамикалық сипаты постмодерндік тұжырымдамаларымен де байланысты. Мәдениеттер мен діндердің әлемдік ғылымда мойындалған «төменгі» (немесе «қарабайыр») және «жоғары» деп бөлінуінен бас тарту, тек этникалық шығу тегі бойынша діни негізделген белгілі бір бейімділік идеясын таңдау, сондай-ақ қазіргі кездегі басқа да көптеген өзекті тәсілдермен көзқарастарда аса маңызды.

Қазіргі замандағы конверсиямен діннің жалпы алатын орнын зерттеуде Ю. Хабермас<sup>4</sup> өзекті авторларының бірі болып саналатын постсекуляризм теориясы маңызды рөл атқарады. Бұл теорияны қоғамдағы діннің рөлі сөзсіз төмендеп кету болжамын жоққа шығаруға қарсы берілген жауап ретінде қарастыруға болады. Постсекуляризм теориясы секулярлы кезеңдерге дейінгі әлеуметтік құрылыммен тәжірибелерге қайта оралу деген сөз емес, керісінше, ол қоғамның зайырлы және діни салаларының өзара ықпалдасуының қазіргі үрдістеріне, олардың арасындағы шекараларды өшіруге және осы жағдайда жаңа тәжірибелерді іздеуге назар аударуға шақырады<sup>5</sup>.

---

<sup>4</sup> Habermas, Jürgen (September 2008). Notes on Post-Secular Society. New Perspectives Quarterly. 25 (4): 17–29.

<sup>5</sup> Узланер Д. А. Постсекулярный поворот. Как мыслить о религии в XXI веке. М.: Изд-во Института Гайдара, 2020.

Конверсияны зерттеу тәсілдерінде **адамның жеке таңдауымен оның субъектілігі** (agency) маңызды екені бірнеше онжылдықтар бұрын дәлелденген<sup>6</sup> және әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады.

Сондықтан конверсияны көп жағдайда сыртқы себептермен және психиканың түрімен анықтап қарастыру немесе әлеуметтік байланыстармен бірге жеке рефлексивті таңдау ретінде қарастыру діни ауысуды зерттеуде «ескі» және «жаңа» парадигмалардың арасындағы бөлінушілік туындатады. Ол туралы толығырақ төменде қарастырылады<sup>7</sup>.

Діни конверсия мәселесі әртүрлі ғылыми пәндер өкілдеріне қолжетімді болып ХІХ ғасырдан бері осы құбылысты зерттейтін белгілі бір дәстүрлер де қалыптасты.

Олардың теориялық тәсілдерін және даму тарихын білген маңызды себебі олар, зерттеуші мәліметтерді жинау, талдау және түсіндіру үшін таңдап алатын зерттеу әдістеріне әрдайым әсер етеді. Діни конверсияны зерттеудің нақты тәсілдеріне келесі бөлім арналады.

### ***Діни конверсиялар туралы кілтті теориялар***

Кілтті теориялар туралы туралы айтсақ, біз оларды пәндер бойынша келесідей жіктей аламыз:

1. Фәлсафалық түсіндірме;
2. Діни конверсияның тарихи теориясы;
3. Діни, теологиялық түсіндірме;
4. Әлеуметтік-психологиялық теориялар, әлеуметтану және антропология.

Кейбір зерттеушілер діни конверсия мәселесі ғалымдардың назарына тек ХХ ғасырдың екінші жартысында жаңа діни қозғалыстардың таралу контекстінде ғана ілікті деген пікірлер айтуда.<sup>8</sup>

---

<sup>6</sup> Straus, Roger A. Religious conversion as a personal and collective accomplishment. *Sociological Analysis* 40 (2): 1979, 158–165; Peek, L. Becoming Muslim: The Development

<sup>7</sup> Kilbourne, B., & Richardson, J. T. (1989). Paradigm Conflict, Types of Conversion, and Conversion Theories. *Sociological Analysis*, 50(1), 1–21.

<sup>8</sup> Сгибнева О. И. Религиозные конверсии в современной России // *Logos et Praxis*. 2017. №1, с. 82.

Алайда, тарихы ғасырлар қойнауына кететін діндегі ауысымды зерттеу аталған бағыттағы ғылыми еңбектердің арасында маңызды орын алады.

Сондықтан оларды нақты діндерге ауысу тәжірибелерін зерттеудің арнайы бағыттары бойынша жіктеу қажет.

Мысалы, ағылшын тілді ғылыми әлемде ауысу бойынша қазіргі заманғы мамандардың ішінде:

- христиандыққа ауысу бойынша Д. Клингті (David W. Kling);
- исламға ауысу бойынша – Л.Постонды (L. Poston), К. Ван Ньюкеркті (Karin van Nieuwkerk);
- жаңа діни қозғалыстарға ауысу бойынша – А. Баркерді (Eileen V. Barker) және Д. Э. Коуэнді (Douglas E. Cowan) атап айтса болады.

Әртүрлі ғылыми пәндер өкілдерінің арасында туындайтын терминдер туралы талқылаулар өте маңызды. Осындай дау-дамайдың кілтті тұстары:

- «дін», «діндарлық» және «жеке діндарлық», «руханилық», «діни тәжірибе» түсініктері қаншалықты өзара ауыстырмалы;
- егер бұл түсініктердің мағыналары әртүрлі болса онда олар астарында қандай құбылыстарды көрсетеді.

Бұл түсініктерді пайдаланудың мән-мағынасымен шекарасы туралы жалпы қабылданған пікір жоқ.

Егер қысқа қайырсақ, «руханилықтың» астарында адамның ішкі жан-дүниесін түсінуге болады. Әрине, қатаң ғылыми әдістермен адамның ішкі жан-дүниесін шынайы сипаттау қиын, себебі бөгде адамның жеке тәжірибесін бастан кешу, дәл сол бастапқы күйінде қайталап шығу, тіпті жеке адамның өзінің өмірлік тәжірибесімен бөліскен мәліметтердің шынайылығына көз жеткізу мүмкін емес.

«Діндарлық» - бұл психологиялық емес көбіне әлеуметтанулық түсінік<sup>9</sup>, яғни оның астарында сыртқы бақылаушының көзіне анық көрінетін нақты мінез-құлық қарастырылады.

---

<sup>9</sup> Посацки, А. Духовность в постсекулярной эпохе и проблемы конверсии как инициации // Религиозные конверсии в постсекулярном обществе. – 2017, с. 33.

### ***Діни конверсияны фәлсафалық түсіндіру***

Дін туралы фәлсафалық білім гуманитарлық ғылыми ой-сананың классикалық бағыты болып табылады. Дінтануды діни фәлсафадан, тіпті теологиядан айырып қарастырған жөн.

Дінтану – діни көзқарастарды, институттарды, мәдениетаралық байланыстармен олардың дінге ықпалын зерттейтін маңызды фәлсафалық мазмұны бар академиялық пән.

Religious Studies санаты ағылшын тілді ғылыми дәстүрде кешенді пәндер ретінде қарастырылады және дінді зерттеумен қатар оның аясында дін психологиясы, дін фәлсафасы, дін әлеуметтануы, дін антропологиясы және т.б. нақты діни дәстүрлерді зерттеумен айналысады.

Қазіргі таңда **дін феноменологиясы** дінтанудың маңызды тұжырымдамасы болып табылады. Оның мақсаты – діни көзқарастармен тәжірибелердің міндетін түсіну, діни мәдениетті ұстанушы адамның бойындағы мән-мағынаны түсінуге неғұрлым жақындау, яғни интерпретация қиындықтарынан өту. Бұл жерде жоғарыда топшылаған интерпретациялық тәсілдің әсерін көруге болады.

Дінтану жеке бас көзқарасымен және сыртқы белгілерімен расталған, атап айтқанда, діни қауым адамнан күтетін сәйкестік, яғни дінтану тәжірибелермен нормаларға сай келетін белгілі бір діни дәстүрге шынайы берілген діндар адамның сәйкестілік тұжырымдамасын ұсынады.

Діни конверсия дәрежелерінің арасынан келесілерді анықтауға болады:

- өзін жалпы діндар адам ретінде сезіну және сипаттау;
- белгілі бір дінге қатыстығын анықтау (мұсылман, христиан және т.б.);
- өзін-өзі белгілі бір діни сеніммен сәйкестендіру (мысалға, суннит не шиит);
- қауым өміріне араласу, қажетті әрекеттерді орындау<sup>10</sup>

Діни конверсияны фәлсафашылар дәстүрлі түрде діни сәйкестіліктің дағдарысына жауап ретінде қарастырады. Кейбір зерттеушілер конверсиямен прозелитизмнің арасындағы айырмашылықты айқын көреді. Бұл тұрғыда прозелитизм негізгі ұғым ретінде тұжырымдалады – адамның

---

<sup>10</sup> Смирнов М.Ю. О религиозоведении, религии и религиозности // Вестник РХГА. 2008. № 2, с. 68.

бір діннен басқа дінге өтуі немесе бір діннің аясында басқа конфессияға өтуі. Ал конверсия «кең таралған автохтонды діннен» өзге мәдениеттен шыққан діннің пайдасына қарай бас тарту ретінде түсіндіріледі (термин М.Ю. Смирнова). Бір анығы екі жағдайда «тастап кетілген» қауым ауысудың себептерін үгіт-насихатшылардың белсенді жұмыстарының нәтижесінен іздейді, алайда конверсия болған жағдайда осындай түсіндірмелі үлгі әдетті болып көрінеді. алайда бұндай түсіндірме жеткіліксіз болғандықтан жаңа теориялардың пайда болуына жол ашты. Бұл ретте түсіндіре кететін жәйт ауысулар болған діндердің мәдени «алшақтығы» олардың себептерін ашпайды. Олар туралы конвертит өзі ғана айта алады, дегенмен оның жауабы уақыт өте келе өткен тәжірибелерді қайта ойлауға байланысты өзгеріп отыруы да мүмкін.

### ***Діни конверсияның тарихи теориялары***

Діни конверсияны сипаттауда тарихшылардың өзіндік тәсілдері бар. Бір жағынан, белгілі бір өңірдің оқиғаларымен үдерістерін, яғни көп жағдайда діннің таралу тарихын сипаттайды. Осы бағыттағы классикалық еңбектердің бірі исламның таралу тарихы туралы басылым болды<sup>11</sup>. Бұл еңбекте исламданудың әскери және бейбіт жолдарының айырмашылығына баса назар аударылған.

Тарихшылар қолданатын екінші проблемалық тәсіл туралы сөз қозғағанда **діни конверсия үдерісінің төрт шешуші санаты айтуға** болады:

- өзара мәдени ықпалдасу, тартылыс (adhesion);
- тартылыс (adhesion) немесе гибридтелу,
- синкретизм
- түрлендіру.

*Өзара мәдени ықпалдасу* соғыстың немесе басқа да үдерістердің нәтижесінде бір қоғамның екінші қоғамға бағынуы діни конверсия ретінде түсіндіріледі яғни, бұл үдерісті белгілі бір мемлекеттің территориясы мен халқының жаулап алушы империяның құрамына енуі немесе жаңа бір жүйеге кіруі деп топшылауға болады.

---

<sup>11</sup> Levtzion, N., ed., Conversion to Islam. New York and London: Holmes & Meier Publishers – 1979. – 272 p.

*Тартылыс немесе гибридтелу* бұл ескі нормалар жойылмасада адамның немесе топтың біртіндеп жаңа нанымдармен тәжірибелерді қабылдауы.

*Синкретизмді* бұл түсіндірмеде «жаңа діни діни синтез жасау үшін» ескі және жаңа сенімдерді біріктіру және түрлендіру деп түсінуге болады.

*Түрлендіру* ескі нормалардан бас тартып оларды жаңа нормалармен алмастыруды айқындайды<sup>12</sup>. Тартылыспен синкретизмді зерттеушілер конверсияның адамдар уақыт өте келе бас тартатын үлгісі ретінде сипаттайды, ал түрлендіру жағдайы тақуалықтың мәнісін жаңадан түсінуге көшуді қарастырады. Осы санаттағы жаңадан ауысқандардың басым көпшілігі тақуалыққа ұмтылуға ықпал жасау арқылы қауымның өзіне әсер ететінін атап өту қажет. Оны діни жанданудың немесе діннің таралу негіздері деп тұжырымдауға болады.

### ***Теологиялық, діни түсіндірме***

Әртүрлі интеллектуалдық дәстүрлер аясында құдайдың болмысын зерттеу барысында туындаған проблемалық мәселелермен байланысты пәндердің мәні мен мазмұнының бірқатар анықтамалары бар.

Ғалымдар мысалы, Европа және Солтүстік Америка елдеріндегі классикалық христиан теологиясы бойынша, Құдай философиясы ретіндегі теософиямен ислам теологиясы арасындағы айырмашылықтарды сонымен қатар, 2000 жылдардың басында посткеңестік кеңістікте «православ теологиясы», «ислам теологиясы» т.т. сияқты әртүрлі нұсқадағы атауларға ие болған ғылыми бағыт ретінде қалыптасқан теологияны атап өтеді.

Жалпы теология, құдайлық, және теософия нақты діни дәстүрлердің өкілі тұрғысынан Құдайды тануға ұмтылады.

Теологиялық түсіндірудің, өз кезегінде логиканың көмегімен танушыға тәуелсіз діни тәжірибенің табиғатын сондай-ақ діни тәжірибені психиканың жай-күйі ретінде зерттеуге болатын идеяға негізделген психологиялық теорияны ұтымды түсінуге бағытталған фәлсафалық түсіндірмеден айырмашылығы осында.

---

<sup>12</sup> Rambo, L. R., Farhadian, C. E., & Baer, M. D. (2014). History and Religious Conversion. // The Oxford handbook of religious conversion. Oxford University Press, 2014.

Діни конверсия түсіндірмесінде теологтармен құдайлықтарға кілтті термин ішкі руханилық екенін атап өткен жөн, яғни, руханилықтың тылсым табиғаты сипатталып, ауысуды шынайы ма жоқ па, ауысу конвертит тұрғысынан емес діни ілім тұрғысынан қаншалықты орындалғаны анықталады.

Таза құдайлық зерттеу ерекшелігінен басқа осы бөлімге әртүрлі дін өкілдерінің дін ауыстыру бойынша қазіргі заманғы баяндауларын жатқызуға болады. Тақырыптың және зерттеліп жатқан терминдердің ерекшеліктеріне сай діни конверсия бойынша басқа пәндердің аясында жұмыс істеп жатқан мамандарға бұл түсіндірмелерді білген абзал.

Бір жағынан, теорияның мәліметтері тарихи тұрғыда қалғандарынан ертерек болғандықтан оларға маңызды ықпал етті. Бұл жағдайда осындай тұжырымдамалардың талдауы діни мәтіндермен дәстүрлерді зерделеумен байланысты.

Ғылыми мәтіндерде кең тараған конверсияның «эталоны» христиандық конверсияны түсінуден келеді. Оған мысал, болашақ апостол Павелмен Иерусалимнен Дамаскіге сапар шегіп бара жатқан жолда болған тәжірибесі.<sup>13</sup>

«Павелдың ауысу моделіне» сәйкес «шынайы» конверсияның алдында дағдарыс болуы тиіс. Конверсия өмірде бір рет болады және міндетті түрде ғажайыпты бастан кешірудің ерекше сезімімен бірге жүреді.

«Павелдың ауысу моделі» идеясы көп уақты бойы конверсияны құдайлық түсіну үшін де, психологтардың зерттеулері үшін де үлгі ретінде қызмет етті [2, 11].

### ***Әлеуметтік-психологиялық теориялар, әлеуметтану және антропология***

XIX ғасырда діни конверсия мәселесі әлеуметтік психология үшін классикалық тақырыпқа айналды.<sup>14</sup> Сондықтан сол кезеңнің діни ауысуға қатысты маңызды ғылыми еңбектері психологиялық тұжырымдама негізінде жазылған.

<sup>13</sup> Hedrick, C. W. (1981). Paul's Conversion/Call: A Comparative Analysis of the Three Reports in Acts. *Journal of Biblical Literature*, 100(3), 415–432.

<sup>14</sup> Beit-Hallahmi B., & Argyle M. The psychology of religious behaviour, belief, and experience. – L.: Routledge, 1997, c. 115.

Сондай еңбектердің ең алғашқысы деп Гарвард университетінің фэлсафашысы, тарихшысы және психологы У. Джеймстың XX ғасырда жазған еңбегін атауға болады.

Сол кезеңде қоғаммен мәдениетті зерделеуде әлі де позитивизмнің, жаратылыстану ғылыми көзқарастарының, мәдени тәжірибелермен қоғамдық құбылыстарды максималды жан-жақты және дәлелдермен сипаттауға ұмтылыстың ықпалы зор болды.

У. Джеймстың теориялық көзқарасы шыныменде жаңашыл болды. Ол дінді тек адамдарды біріктіруші институт ретінде ғана емес, жеке тәжірибе, адамның «жеке діні» ретінде де назарға алды.

У. Джеймс діни бетбұрысты адамның дағдарыс жағдайына әкелетін **аномалия ретінде қарастырды** және еңбегінде атап өтілгендей ол көп жағдайда жасөспірімдерге тән болады. Бұндай көзқарас бүгінгі күнде де, яғни 120 жыл өткен соң да жеткілікті түрде танымал болуда.

Джеймс біртіндеп болатын өз еркімен ауысумен лезде болатын жылдам ауысуды бөліп жарып қарастыру сияқты маңызды көзқарасты ұсынды. Сонымен қатар, Джеймс әрбіреуі субъективті болатын төрт көрсеткішті (индикаторды) бөліп көрсетті.

Ол дегеніміз сырттан бақылаушыға оларды бекітіп, сипаттау қиынға соғары хақ. Ол индикаторлар:

- жоғарғы бақылау және үйлесімділік сезімі;
- ертеде белгісіз болған ақиқатты қабылдау сезімі;
- дүниенің және өмірдің таза әрі керемет жаңалығын сезіну;
- конверсиямен туындаған «бақыт экстазы».

Сол жылдары тұлғалардың тұрпаттамасымен жіктелуі қоғамдық құбылыстарды сипаттаудың әбден заңды тәсілі болды.

Қазіргі заманда тұлғалардың тұрпаты немесе басқа да сол сияқты көзқарастар шынайылықтың алуан түрлілігін көрсете алмайтын үлгі ретінде ғана қарастырылады.

Дегенмен, Джеймстың қадамы өзіндік біртума болды. Ол өз ойын метафоралық сипатта жеткізді: адамдар не «бір рет туғандар» - ондай жағдайда олар отбасының діни дәстүрінің аясында қала бермек, немесе «екі рет туғандар» және оны ауыстарғандар.



Ол – оның психика нұсқаларының тұрпаттамасы және бұл логикаға сәйкес екінші, яғни «екінші рет туғандар» түрі көп жағдайда конверсияға алып келеді. Дінді ауыстыру себептеріне «жан ауруын», радикалды пессимизмді, және меланхолияны жатқызуға болады. Бұл түсіндірмеде **діни конверсия психиканың патологиялық жағдайына жауап ретінде**, жоғары күштерге жүгіну арқылы «жан дертінен» құтылу мақсатында жеке емделу тәжірибесі ретінде қарастырылады.

Бір қызығы құдайға мойынсұнуды Джеймс мәселенің үйлесімді шешімі деп санаған және оны қатаң ғылыми әдіс-тәсілдермен анықтау қаншалықты қиын болсада ол оның сипаттамасын беріп кеткен. Бұл жәйт келесі онжылдықтағы ғалымдармен қатты сынға алынды.

Сол жылдары және XX ғасырдың басында қалыптан тыс психикалық жай-күйге деген ерекше назар аудару кәсіби психологтардың негізгі тақырыбына айналды. Түсініктер және патологиямен нормалардың шекарасы бүгінгі күнде айтарлықтай өзгерді.

Ертеректе дерт немесе психиканың өзгермеген түрінің көрінісі болып саналған психиканың көптеген жәй-күйлері қазіргі замандағы ғылыммен норма нұсқасы немесе адамды белігі бір «түрге» жатқызуға болмайтын уақытша ерекшелік деп қарастырылады.

Сондықтан, өткеннің басқа ғалымдары сияқты, кейінгі ғылыми жаңалықтарды есепке алмай, Джеймстің көзқарастарына сүйене алмаймыз. Алайда, У. Джеймстың еңбектері діни конверсияны зерттеуге ықпал еткенін жоққа шығаруға болмайды.

Джеймс жұмысының құнды аспектісі оның әңгімелерінің материалы болып табылады, ол конверттердің жарқын жеке тәжірибесін бірінші тұлғаның көптеген сипаттауларын қамтамасыз етті(олардың арасында ересектер басым болғанына қарамастан конверсияға бейім жастар деп санаған).

Джеймстың өзінен кейінгі теорияларға ықпал етуінің айқын мысалы ретінде Лофлэндпен Сконовдтың ұсынған ауысу сарынын жіктеу теориясын атап өтуге болады.<sup>15</sup> Ол теорияда да конверсияның алдында болатын психологиялық дағдарыс жай-күйіне ерекше назар аударылған.

---

<sup>15</sup> Lofland J., & Skonovd N. Conversion motifs // Journal for the Scientific Study of Religion. – 1981. – Vol. 20.

Бұл конверсияның иерархиялық факторлары және олардың арасында өзара байланысы бар, күрделі теория кейіннен жоққа шығарылды [2, 25]. Кейіннен бұл теория эмпирикалық мәліметтері жоқ болғаны, сондай-ақ авторлары талдау үшін жаңадан ауысқандарды елемей діни қауымның қалыптасқан мүшелерін таңдап алғандары үшін қатты сынға алынды.

Сонымен қатар авторлар конверсияға бейімділік тұрақсыз жан толғанысымен байланысты деп түсіндірді, бірақ ол күмәнді. Бұл теорияны жан-жақты сынға алып, ғалымдар тарапынан тексеру жүргізілді, олардың арасында Сноумен Филиппте болды. Олар конверсия жасау үшін психиканың ерекше «ізденуші» түрі және жеке бас дағдарысы болу қажет деген Лофлэндпен Сконолд мәлімдемелерін жоққа шығарды.

Дегенмен, алдындағы теорияның құнды идеялары да болды: Филипппен Сноу қауымның қызметіне белсенді қатысу, жеке қарым-қатынастар, қауымның белсенді мүшесіне деген құштарлық (cult-affective bonds) конверсия жолында айырықша маңызға ие екенін растады<sup>16</sup>.

Осылайша, адамды белсенді тәжірибеге әкелетін жеке тұлғаның түр сипаты емес, сол қауымның белгілі бір мүшесіне деген сенім, онымен құрылған достық қарым-қатынас.

Кейіннен, сипатталған теориялық көзқарастардың көптеген ерекшеліктері конверсияны зерттеудегі психологиялық және әлеуметтанулық тәсілдердің «**ескі парадигмасы**» ретінде бейнеленді<sup>17</sup>. Ол жерде «Павелдың ауысу моделіне» баса назар аударылады, демек, алдында өмірдегі қиын жағдайдармен жеке тұлғаның ерекше түрі ықпал ететін конверсияны күрт және түпкілікті түрде бір статикалық күйден екінші күйге ауысу ретінде топшылау шынайылық деп саналған.

Ескі парадигмаға сәйкес конверсия кінәлік сезімімен күнәдан айырылу тәсілі, яғни ем-шипа ретінде тұжырымдалады [2, 22].

Ескі парадигманың тағы бір құрамдас бөлігі – жаңа діни қозғалыстардың пайда болуын түсіндіруге талпынатын «миды жуып-шаю» болжамы.

Оған жаңа діни қозғалыстар бойынша маман, әлеуметтанушы А. Баркер қарсы шықты. Ол Біріктіруші Шіркеулердің мүшелері арасында

---

<sup>16</sup> Snow, D. A., and C. L. Phillips. The Lofland-Stark conversion model: A critical reassessment. *Social Problems* 27 (4), 1980.

<sup>17</sup> Richardson, J.T. *Conversion Careers // Society*. – 1980. – Vol. 17(3).

далалық зерттеулер жүргізіп, ондай қозғалыстарға қатысу көп жағдайда адамдардың жеке еркін таңдауы екеніне көз жеткізген<sup>18</sup>

Тиімді, ұтымды таңдау тұжырымдама теоретиктерінің арасынан Р. Старкты атап өтуге болады. Ол кейіннен діни мобилизация болып қайта өңделген конверсияның авторлық моделін ұсынған.

Сондай-ақ діни конверсияны зерделеуге және қазіргі заманғы діни қауымдармен тәжірибелерді зерттеуге зор ықпал еткен діннің экономикалық тұжырымдамасы болды<sup>19</sup>. Бұл тұжырымдамада діни ұйымдар діни нарықтағы фирмалар ретінде топшылап, олардың бәсекелестік механизмі, мемлекеттің қатысу дәрежесі және діни қызметтерді тұтынушы ретіндегі діндар сенушілерге қалай әсер ететіні зерделенеді. Бұл тұжырымдаманың әртүрлі нұсқадағы идеялары әлі күнге дейін өзекті.

Жаңа ауысқан адамның қоршаған ортасына, оның жеке шешімдеріне үлкен көңіл бөлу діни конверсияны әлеуметтанулық бейнелеудің кілтті артықшылықтарына айналды. Олар «**жаңа парадигма**» деп сипаттала бастады. Жаңа парадигманың жақтастары өздерінің әлеуметтанулық-психологиялық көзқарастарының негізінде жеке тұлғаның тек діни аспектілері ғана емес әлеуметтанулық ерекшеліктерінде де өзгеріс болатынына назар аударған.

Ауысудың «жаңа парадигмасының» қалыптасуына және рухани трансформацияға негіз болған ол - конверсия үрдісіне деген қатынастың өзгеруі болды. Олар оны мүмкін болатын екі нұсқаға бөле бастаған – кенеттен және біртіндеп ауысу.

Адамды дінін ауыстыруға итермелейтін сыртқы жәйттерге баса назар аударған алдындағы ғалымдарға қарағанда кейінгі ғалымдар ауысу үрдісін анықтайтын негізгі факторларға адамның **жеке белсенділігімен** рухани ізденісін жатқызған.<sup>20</sup>

Кейінгі онжылдықтағы әлеуметтік антропологияда сәйкестікке және жеке тұлғаның қоршаған ортамен арақатынасына ерекше көңіл бөлінген.

---

<sup>18</sup> Barker, E. The Making of a Moonie: Choice or Brainwashing? (1984) Blackwell's, Oxford, UK.

<sup>19</sup> Finke R., Stark R. The Churching of America: Winners and Losers in our Religious Economy. New Brunswick; New Jersey: Rutgers University Press, 1992

<sup>20</sup> Straus, Roger A. Religious conversion as a personal and collective accomplishment.

Мысалы, америкалық әлеуметтанушы Ш. Страйкердің (Sheldon Stryker)<sup>21</sup> сәйкестік теориясы өте қызықты, оған сәйкес әр адамның бойында әлеуметтік рөлдермен, топтармен байланысты сәйкестік иерархиясы болады. Маңызды сәйкестік мінез-құлыққа тікелей әсер етеді, себебі адам өз шешімін өзін байланыстыратын топтың не мәдениеттің нормаларына сүйене отырып қабылдайды (бұл теорияны конверсияны зерттеуде қолдану туралы толығырақ R.M. Carrothers.<sup>22</sup>

Осы аспектілердің барлығы діни конверсия бойынша білікті маман-антрополог Г. Гуреннің берген анықтамасымен тығыз байланысты. Ол діни конверсияны **«діни дүниетанымдағы жан-жақты тұлғалық өзгеріс және өзін-өзі бағалау және басқалармен атрибуция негізіндегі сәйкестік»** ретінде қарастырады. Бұл жерде басқалары деген сірә, сол діни топтың мүшелері, алайда топтың мүшелері болмауы да ықтимал. Бұл анықтама әлбетте фәлсафалық көзқараспен үндеседі.

«Діни конверсияның жаңа парадигмасының» аясындағы маңызды терминдердің бірі, ол Ричардсон енгізген **«діни ауысудың мәнсабы»** («conversion career») түсінігі<sup>23</sup>. Ауысу мәнсабы – ол адамның ішкі толғаныстарды басынан кешіріп, қауымның өзімен және кеңірек мәдени мән-мәтінмен әрекеттесіп, өмірінде бір немесе бірнеше діни ұйымдарға ауысу эпизодтары. Гурен атап өткендей, бұл термин конверсияны зерттеудегі жаңа тәсілді және келесідей сұрақтарға жауап табу талпынысын білдіреді: конверсия жеке тұлғаның радикалдануының себебі ме әлде конверсия «ойлаудың жаңа бағытының сыртқы дәлелі ма», яғни адам алдымен ауысуға дайын болып, одан кейін ауыса ма?

Бұл тәсілді қолдану мән-мәтінінде Гурен діни қатысудың бірнеше кезеңдерін зерттеуді ұсынады:

- алдын-ала қосылу;
- нақты қосылу (ауысу, тәубе ету);
- бас тарту.

---

<sup>21</sup> Stryker, Sheldon, and Peter J. Burke. “The Past, Present, and Future of an Identity Theory.” *Social Psychology Quarterly* 63, no. 4 (2000): 284–97.

<sup>22</sup> Carrothers, R. M. Identity Consequences of Religious Changing: Effects of Motivation for Change on Identity Outcomes. *Sociological Focus*, 43(2), 150–162. 2010

<sup>23</sup> Richardson J.T. Conversion Careers // *Society*. – 1980. – Vol. 17(3)

Сонымен қатар, Гурен conversion career approach аясындағы өзінің ерте еңбектері біраз бейтарап екенін және АҚШпен Батыс Еуропа бойынша мәліметтерге бағдарланғанын мойындады. Алайда, біраз түзетулер енгізіп оны әлемнің кез-келген жерінде қолдана беруге болады. Ең маңызды нақтылау әртүрлі жастағы топтарды зерттеу қажеттілігінде.

Діни конверсияның **жан-жақты ортақ теориясын** ұсынуға ұмтылыс ерекше назарды қажет етеді. Психолог Л.Рамбо осындай талпынысқа қадам жасады. Ол психологиядағы, әлеуметтанудағы, антропологиядағы және теологиядағы діни конверсия бойынша ең үздік идеяларды біріктіруге тырысуда.<sup>24</sup> Ол діни сәйкестілікті қалыптастыру сипаты біркелкі еместігіне көз жеткізген. Адам рухани қалыптасу үрдісі барысында шиыршық сияқты белгілі бір кезеңдерге, ауысу жағдайларына қайтара оралып отырады. Сонымен бірге Рамбо ешқандай әмбебап сценарий ұсынбайды. Ол әмбебап тәсілдерді жоққа шығарады, себебі әркімнің ауысу тәжірибесі бірегей, ерекше **мән-мәтінде** енгізілген [2, 37].

Мән-мәтіннің макро және микро дәрежелері болады (сыртқы жағдайлар, мысалы, саяси аспектілер және ішкі жағдайлар, мысалы, сенім-нанымдар). Сондай-ақ қазіргі ғылымда деконверсия (адам өзі бір дінге қосылып, кейіннен сол діннен шығып кетуі) және дисаффилиация үрдістері зерделуде. Осыған орай конвертиттерге қарасты келесідей терминдер ұсынылады<sup>25</sup>:

Термин	Мағынасы
«Теріскейлер»	еш жағдайға қарамастан діннен шығып кететін адамдар.
«Қайтара ауысқандар»	ауысу барысында ұстанған нанымдарымен құндылықтарынан бас тартқандар («зайырлықтан адалау»).

<sup>24</sup> Rambo L.R. Understanding Religious Conversion. – New Haven: Yale University Press, 1993

<sup>25</sup> Cragun, R. 2006. Religious change and religious exiting: A test of a unified role theory. Draft Chapter 1 of PhD dissertation, University of Cincinnati.

«Міндеттерінен бас тартқандар» ( <i>disengagers</i> )	діни топтағы қызметін тоқтатсада өздерін сол топпен сәйкестендіруін тоқтатпаған адамдар.
«Шығып қалғандар»	діннен шығып еш діни топқа қосылмайтындар, тіпті өздерін болашақта еш дінмен байланыстырмайтын адамдар
«Іздеуші» немесе «ауыстырғыш»	діннен бір шығып қайта қосылушы не өзін басқа дінмен сәйкестендіретін адамдар

1 кесте. *Конвертиттерге қатысты қолданылатын ұғымдар*

Соңғы онжылдықта «конверсияның» баламасы ретінде немесе тең дәрежеде **«рухани трансформация»** деген ұғым енгізілуде, алайда оның нақты бір түсіндірмесі жоқ. Кейбір зерттеушілер рухани трансформация жағдайында ауысу алдын-ала кінәмен күнәларды сезініп артынан толғаныстық шешім қабылдай салу емес, ол керісінше саналы, когнитивті тіпті діни институттардан тыс жерде болатын біртіндеп ауысу дегенді білдіреді<sup>26</sup>.

---

<sup>26</sup> Ардашева Л.А. Основные парадигмы в изучении религиозного обращения // Религиоведение. 2013. № 2. С. 150-162.



## ДІНИ КОНВЕРСИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР

Діни конверсияларды зерттеу тәсілдері нақты пәндердің ішінде және пәнаралық дәрежеде теориялық көзқарастардың дамуына қарай өзгеріп отырады. Классикалық әдіс ол жазбаларды (дәстүрлі діни және қазіргі заманғы) талдау. Джеймстың еңбектерінен бастап респонденттердің әңгімелеріне, яғни, далалық зерттеулердің түрлеріне басты назар аударылады. Алайда, әдістерді таңдау зерттеу пәнінің ерекшеліктерімен шектелетінін атап өткен жөн. Жаңа дінге ауысудың жеке тәжірибесі өте субъективті және өте сезімтал.

Осы тақырыптық бағытта зерттеу жүргізетін зерттеуші тіпті оның әдістері адамдармен тікелей байланысқа түсуді көздемесе де этика талаптарымен шектеулі болуға тиіс, себебі оның қорытынды басылымдары адамдардың жеке өміріне әсер етуі мүмкін, конвертиттерге қатысты стереотиптерді не күшейтуі не әлсіретуі немесе әртүрлі саяси не сот шешімдеріне әкелуі ықтимал. Сол себепті де діни конверсияларды зерттеуді санды емес сапалы әдістермен жүзеге асырған жөн (кем дегенде статистика және басқа да санды мәліметтермен шектелмегені дұрыс). Әр респонденттің жеке тарихына мұқият және сақ болған жағдайда құнды материалдарға қол жеткізуге болады, ал оны жаппай сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырған өте қиын.

Жаңа ауысқандардың арасында жаппай сауалнама жүргізу, яғни, діни қауым мүшелерін «зерттеу нысанына» айналдыру қауым ішінде «шиеленісті» жағдай тудыруы мүмкін. Конверсияларының маңызды тәжірибелерінің ауқымды мәліметтері жайлы алдын-ала жауаптары дайын қысқаша сауалнама аясында жауап бере салуы олар үшін көңіл толмарлық дүние. Этнографиялық әдебиеттерде «бұзылған дала» деген ұғым бар, ол адамдардың арасында зерттеу жүргізу барысында зерттеу туралы теріс әсер қалдыру. Содан кейін адамдар зерттеуді басқа зерттеушілер жүргізсе де, зерттеу тақырыбы басқа болса да зерттеулерге қатысудан ат тонын ала қашады.

Посткеңестік кеңістіктегі далалық жұмыстар жағдайы діни конверсия тақырыбының қауіптілігімен күрделенеді. Діни ауысуға арналған көптеген басылымдарда конвертиттер қауіпсіздікке төнген қатер және экстремистік

үгіт-насихат деп сипатталады.<sup>27</sup> Бұл позицияны конвертиттерде біледі, сондықтан олардың көбі заңға қайшы әрекеттерден күдік туындатпас үшін зерттеулерге қатысудан бас тартады.

Конверсия тақырыбы бойынша қазіргі замандағы басылымдардың барлығы бірдей өткен бөлімнің басында айтылған заманауи ғылымның парадигмалық нұсқамаларын ескермейді. Еске салсақ, ондай нұсқамалардың ішіндегі ең маңыздылары ол адамның субъективтілігін мойындау идеясы, мән-мәтінді және әлеуметтік байланыстарды есепке алу, «миды жуып-шаю» тұжырымдамасынан бас тарту. Бұл зерттеушінің конверсия себептерін түсіндіруді сыртқы жағдайлардан іздеу талпынысын шектейді, адамның жеке тәжірибесін назарға алуды міндеттейді. Әрбір конверсия тәжірибесі бірегей деген идея мысалы, конвертиттің әлеуметтанулық портретін әзірлеу (тіпті белгілі бір аймақта) немесе ауысу туралы шешімдер қабылдайтын адамдардың жиі кездесуі сияқты міндеттерді күрделендіреді.

Әлеуметтік-гуманитарлық білімде зерттеу әдістеріне ықпал ететін маңызды өзгеріс ол «Павелдың ауысу моделі» сияқты эталонды модельдерден бас тарту, яғни, «дұрыс» ауысу ол әп-сәтте, мистикалық тәжірибеге толы, ал оның алдында міндетті түрде жеке бас дағдарысы болуы керек деген идеядан бас тарту. Кейінгі мәліметтер көрсеткендей адамдар дінін ауыстыруға ниет білдіретін толыққанды нақты себептердің тізімі де, сондай-ақ сондай шешімдерді алдын-ала болжау мүмкін болатындай (мысалы, адамның жеке басында дағдарыс болмасада ол басқа дінге өтіп кетуі мүмкін) әмбебап модельде жоқ.

Аталған нанымдардың орнына келген конверсияны кенеттен және біртіндеп болатын ауысулар деп бөлу идеясы конвертиттердің жеке тәжірибесінің іртүрлі мысалдарын ескеруге мүмкіндік беріп қоймай ғана олардың көзқарастарының уақыт өте келе қалай өзгеретінін егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік береді. Респонденттер ендігіде өз естеліктерінде дәл сол бетбұрыс сәтін іздеуге және оған бағалаудың бір ғана нұсқасын беруге міндетті емес себебі біртіндеп ауысу барысында

---

<sup>27</sup> Излученко Т. В. Неэтнические мусульмане как фактор радикализации ислама // Вестник БГУ. 2017. №2.



«ауысудың басталған және аяқталған сәттерін көрсету мүмкін емес» [26, 154].

Сұхбат барысында адамдарға жаңа дінге ауысқандары немесе саналы діни тәжірибелері туралы қойылатын сұрақтар ертеде болған зерттеулердегі сұрақтарға өте ұқсас. Сұхбат сұрақтарындағы өзгерістер сол үрдістің салдарына қатысты. Неофиттің тарапынан өз ауысуының нәтижелерін субъективті бағалауының аз зерттелген факторына назар аудару қажет.

Қазіргі ғалымдар назарларын кенеттен болатын ауысуға емес біртіндеп болатын ауысуға аударуда, сондықтан ұзақ мерзімді (лонгитюдті) зерттеулер ерекше ықылас тудырады, мысалы, бірнеше жылдан соң қайтара зерттеулер өткізу күтіледі. Ғалымдар әртүрлі жастағы топтарға көңіл бөлу, гендерді, жалпы мәдени мән-мәтінді және әлеуметтік байланыстарды ескеру қажет екендігін ескертеді.

Конверсияға бейім адамдардың ерекше түрін анықтап оған сипаттама беруге ұмтылыс әлі де даулы мәселе болып қала бермек. Аталған тақырыптың классиктері Ричардсон және Килборн біртіндеп ауысу туралы сөз қозғағанда «іздеуші» («seekers») деген ұғымды қолданып олардың ерекше өзгешеліктерін сипаттауға тырысады. Алайда, бұл көзқарас жалпы қабылданған көзқарастардың қатарына жатпайды [26,152].



2 сурет. Діни конверсияны зерттеудегі әдістемелік тәсілдер

## *Деректерді жинаудың сапалық әдістері*

Діни конверсияны зерттеу әдістерінің арасында сапалық әдістер басымды және ерекше орын алады. Бұл әдістерде жұмыстың мақсатымен нәтижесі болып респонденттердің өздері берген ойлар, сипаттамалар, идеялармен түсіндірме модельдері және ғалымдар жиналған деректерді талдау негізінде анықталған заңдылықтар және олардың берген түсіндірмелерімен сипаттамалары жатады. Осылайша, сапалы әдістер «әртүрлі аймақтарда адамдар қаншалықты жиі діни конверсияларды жасайды» деген сұрақтарға жауап бере алмайды, дегенмен, конвертиттер тұрып жатқан аймақтың мәдени мән-мәтінін, ауысу тәжірибесінің сезінуін немесе сенімінің күшеюін көрсете алады.

Санды әдістерден ең басты айырмашылығы ол қатысушыларды таңдау үлгісі (*рекрутинг*). Сапалы әдістерде қатаң есептелген таңдау арқылы бас жиынтықты көрсету міндеті жоқ. Әдістердің санатында рекрутинг тәсілдері сауалнамаға қарағанда мүлдем басқа (төменде қараңыз). Мысалы, ең танымал әдіс ол «қарлы кесек әдісі», оған сәйкес респонденттер желісі зерттеу барысында қалыптасады, зерттеуге қатысқан респонденттер келесілерді өздерінің таныстарын ұсынып отырады. Сөзсіз, бұндай әдістердің деректердің іріктеу көрнекілігі сияқты өзіндік кемшіліктері де болады, алайда, шынымен бағалы мәліметтерді басқа жолмен алу мүмкін емес.

Сапалы әдістердің тағы да бір ерекшелігі олар болжамдарды тексеруге қызмет етпейді. Болжамдар, гипотезалар, түсіндірмелер жиналған деректерді талдағаннан кейін пайда болады, мысалы, Grounded Theory немесе case study сияқты және далалық зерттеулердің жаңа кезеңін жүргізу барысында нақтылануы ықтимал. Осылайша, болжамдар ғалымдардың мәдениетті ұстанушылармен таныспай тұрып алдын-ала қорытындыланған пікірінің («далалық зерттеуге шығу») негізінде емес далалық бақылау және сұхбат деректері негізінде қалыптасады.

Осы әдістерді қолданып зерттеу жүргізудің көптеген әдістемелік тәсілдері бар. Ғалымдар нақты назар аударғысы келетін мәселе (адамдардың өз әрекеттерін түсіндіру үшін қолданатын түсіндірмелері, әлеуметтік құрылым, нақты мысалдар не жағдайлар және т.б) олардың респонденттерге қойған сұрақтарына және деректерді қалай

түсіндіретініне байланысты. Діни конверсияны қазіргі замандағы зерттеулердің мән-мәтінінде өзекті перспективасы бар әдістемелік негіздердің ішінде нарративті тәсілді атап өтуге болады (төменде қараңыз).

**Тереңдетілген сұхбат** діни конверсияны (егер бұл терминнің рухани трансформация ұғымынан артықшылық болса) зерттеуге келетін әдістердің арасында ең қолайлысы болып табылады себебі тек осы әдіс қана адамға өзінің рухани тәжірибесін дәйекті және өз бетінше түсіндіруге жәрдемдеседі. Сұхбаттың бұл түрінде зерттеуші жауаптары дайын сұрақтар әзірлемейді, керісінше, сұхбаттасушыға ашық сұрақтар қою арқылы талқылауға тақырыптар ұсынады.

Бұл тақырыптар алдын-ала белгілі бір логикалық реттілікпен жоспарлануы қажет (сұрақтардың реті берілетін жауаптардың сипатына әсер ететіні мәлім), алайда респондентке өзінің ойын ашық, толыққанды жеткізуге көмектессе нақтыланатын сұрақтар қойылуы және тақырыптан ауытқып кетуі ықтимал. Сондай-ақ астарында жасырын жауабы бар немесе ой салатын сұрақтарды болдырмауға тырысу қажет. Мысалға, «Осы дінге ауысу туралы шешім қабылдағанда *сіз ғажайыпты сезіндіңіз ба?*» деген сұрақтың орнына «*»Сіз осы шешімді қабылдаған кезде қандай әсерде болдыңыз?*» деген сұрақтың артықшылығы бар және ғажайып сезімі пайда болса респонденттің өзі айтқан дұрысырақ болады.

Тереңдетілген сұхбатты өткізу барысы:

1. рекрутинг (қатысушы респонденттерді таңдау және олармен кездесу уақытын нақтылау);
2. зерттеудің мақсатын және этика мәселелерін түсіндіру;
3. сұхбаттың өзі;
4. әңгімені түсіндіру;
5. мәтіннің шифрын ашу барысында алынған деректерден тұрады.

Сұхбатты ашық түрде және респонденттің келісімімен аудиоға жазған дұрыс. Егер респондет зерттеу аясындағы жеке мәліметтерінің құпиялылығының сақталуына күмәнданса оның тікелей дәйексөздері қорытынды басылымға шықпайтын нұсқаны ұсынуға болады. Аудиожазба

тек қана зерттеу қатысушысының (респонденттің) ойларын бұрмаламай жеткізу үшін қажет екенін айтып түсіндірген абзал. Егер респондент аудио жазудан бас тартса, онда аудио жазба жүргізбей қойын дәптерге барлық ескертпелерді түртіп отыру керек, бірақ респондентпен арадағы әңгімені назардан шығарып алмау қажет.

Ондай сұхбат 40 минуттан бір сағатқа дейін немесе одан да ұзаққа созылуы мүмкін. Ол зерттеушіге де зерттелушіге де қарқынды жүктеме сондықтан респонденттен әрдайым сұхбатты жалғастыра беру туралы рұқсат сұрап отыру керек. Далалық зерттеулер этикасына сәйкес респондент сұхбатты кез-келген уақытта тоқтатуға құқылы, ол туралы да респондентке алдын-ала айтып қойған жөн.

Осындай сұхбат респондентпен сенімді қарым-қатынас орнаған кезде ғана орын алады, оған алдын-ала қосылу бақылауы жәрдемсесі.

Тереңдетілген сұхбаттың барысында және ол аяқталғаннан кейін міндетті түрде мәтіндік ескертпелер және мәтіннің транскриптісі (шифрді ашу) жасалады. Егер аудиожазба жазылса ол шифрді ашу нәтижесінде мәтінге дәл сол қалпында түсірілуі керек, тіпті паузалар, толғаныстар, вербалды емес қатынастардың ерекше белгілері (мұндай белгілер үшін арнайы таңбалар тізімі жасалады).

Дайын транскрипт кодтауға ұшырайды. Код - Код - бұл мәтінде пайда болатын белгілі бір қысқа идея, арнайы сөздер мен белгілер. Ол міндетті түрде респонденттің айтқан тікелей дәйексөзі немесе сөзі емес (мысалы, «мен түс көріп жатқанда дауыс естідім»). Жалпылама да мүмкін, мысалы, «біз исламға келмес бұрын нені бастан кешірмеді дейсіз, эзотерикада болды, бәрі болды» деген дәйексөзді «жаңа діни қозғалысқа қатысу тәжірибесі» деп кодталуы ықтимал.

Кодтаудың нәтижесінде кодтар тізбесі қалыптасады (кілтті сөздердің тізбесіне ұқсас келеді), кейін оларды кодтар санатына біріктіру қажет. Осындай мағыналы санаттар тақырыпты терең түсінуге жәрдемдеседі. Егер талқылауға берілетін сұрақтар біртекті болып көп мөлшерде тереңдетілген сұхбаттар өткізіліп, кодталып, кодтары қойылса ол баға жетпес құнды болары хақ. Сонда ғана паттерндері немесе идеялары ұқсас әртүрлі сұхбаттарды көруге болады және олардан кейбір қорытындылар шығаруға болады. Бірақ, оны статистикалық ақпарат ретінде

тұжырымдауға келмейді себебі рекрутинг өкілдік іріктеуді бағамдай алмайды.

**Қосылған бақылау** – әлеуметтік антропологияның классикалық әдісі және оның мақсаты зерттелетін қауымның қызметіне қосылу арқылы мәдени мәтінді жақсы түсіну. Қосылған бақылаудың астарында зерттеуші топтың, қауымның мәдениетін түсіну үшін көп уақытын сол адамдардың арасында өткізуді, олардың күнделікті және діни өміріне араласуды, егжей-тегжейлі жазбалар жасап, оларды талдауды түсінуге болады. Мысалы, 1960 жылдары діни конверсия бойынша классикалық еңбектердің бірі осы қосылған бақылау әдісінің қорытындысы бойынша жазылған.<sup>28</sup> Кейіннен ондай мысалдар көптеп пайда бола бастады. Бұл әдіс әлі де танымал да және өзекті. Басқасын айтпағанда бұл әдіс байланыстар желісін дамытуға қол ұшын тигізеді.

Сонымен қатар, қосылған бақылаудың және тереңдетілген сұхбаттың тұсаукесер үлгісінде, ерекше зерттеу әдісінде **қаныққан сипаттау** (thick description) болып табылады. Ол деректерді түсіндіру мәселесін және оқырман да сезіне алатын мәдени тәжірибемен қоса жүретін сезімдерді, толғанысты және сезінулерді көрсететін сондай мәтінді құрастыру талпынысын болжайды.<sup>29</sup> Осындай сипаттамаларды АҚШ-тағы конвертит-мұсылмандармен жүргізілген көрнекі зерттеулерден көруге болады.<sup>30</sup> Онда зерттеу әдістерімен жұмыстың этикалық аспектілері толық сипатталған, ал мақалада тақырып ғылыми тұрғыда толық ашылған және оны академиялық жазбаның үлгісі ретінде пайдалануға болады.

Тағы да бір құнды, бірақ күрделі әдістердің бірі ол фокус-топтық зерттеу әдісі. **Фокус-топ** – зерттеушінің басқаруымен белгілі бір тақырыпты ұжымдық талқылау. Бұл әдісті қолданудың ең маңызды бөлігі – әңгіменің өзі емес, ең бастысы рекрутинг, яғни, шақырылған қатысушыларды анықтау. Адамдар көп жағдайда өздері тәуелді басқа

---

<sup>28</sup> Lofland J., & Skonovd N. Conversion motifs // Journal for the Scientific Study of Religion. – 1981. – Vol. 20.

<sup>29</sup> Saalmann, G. Clifford Geertz: the philosophical transformation of anthropology // A. K. Giri & J. Clammer (Eds.), Philosophy and Anthropology: Border Crossing and Transformations (pp. 217–230). Anthem Press, 2013.

<sup>30</sup> Peek, L. Becoming Muslim: The Development of a Religious Identity Sociology of Religion, Autumn, 2005, Vol. 66, No. 3.

адамдардың арасында болғанда өзінің идеяларын бұрмалап айтуы мүмкін. сондықтан фокус-топтың қатысушылары «басшы-бағынушы» немесе басқада байланыстық үлгілермен арақатынастары жоқ екеніне көз жеткізу қажет, бірін-бірі мүлдем танымаса тіпті мінсіз болып кетер еді. Бұл ретте олардың зерттеуге қатысты бірнеше ортақ ерекшеліктері болғаны жақсы (мысалы, олар конвертиттер және ауысуды бір жыл бұрын жасаған). Фокус-топ қатысушыларының құрамына деген талаптардың сақталмауы зерттеулер барысында жиналған деректерді ғылыми мақсатта пайдалану мүмкіндігін бермейді.

Зерттеудің мақсатын жақсы түсінетін басшыдан (*модератор*) басқа командада координатор болу керек, ол фокус-топ отырысының уақытын, өткізілетін орнын хабарлап отыруы қажет. Отырыс барысында координатор қатысушыларды қарсы алады, таймингке қарап отырады және жиын тым ұзаққа созылып бара жатса үзіліс жариялап отырады. Сонымен қатар, ол сусындар, тіскебасар ұсыну бойынша, бағыт-бағдар беру бойынша қызмет көрсетеді және қосымша сұрақтар туындаса үнемі байланыста болады.

Сондай-ақ командаға жазбамен (*хаттамамен*) айналысатын маман керек және маңызды деректерді өткізіп алмас үшін оның жазудан басқа еш міндеті болмауы тиіс. Хаттамаға тек сөздер ғана емес, сонымен қатар, көзге көрінетін вербалды емес әсерлесуде жазылады. Егер зерттеуде қандай да бір техника жұмылдырылса онда командаға техникалық жұмысшыны шақыруға болады.

Егер кездесудің аудио жазу немесе видео түсіру қызметі жүзеге асырылса қатысушыларды алдын-ала ескертіп олардың келісімін алған жөн. Фокус-топқа қатысу өз еркімен болуға тиіс. Әр респондент өзінің қатысуын кез-келген кезеңде тоқтатып тастауына құқығы бар. Фокус-топтың басында зерттеудің мақсаттарымен міндеттерімен таныстырып, жиналған деректер қалай сақталады, қалай пайдаланылады, құпиялылық сақтала ма және зерттеу қорытындысымен қай жерде танысуға болатыны туралы айтып кету керек.

Фокус-топ кезінде достық атмосфераны сақтап, көп сөйлегендерді сыпайы түрде тоқтатып үндемей отырғандарға әр қатысушының пікірі маңызды деп сөз сөйлеу кезегін ұсынып отыру қажет.

Фокус-топ жоспары кіріспе, негізгі бөлім, үзілістер және қортыныды шығарудан тұрады. Негізгі бөлім зерттеу мақсатына байланысты, талқылауға берілетін сұрақтар соған сәйкес әзірленеді. Ол сұрақтар қатысушыларға алдын-ала беріледі немесе оларға тек әңгіменің тақырыбы ғана айтылуы мүмкін. Топтағы ортақ келісілген пікір – бұл әдістің ең қажетті элементі, әйтпесе қатысушылардың бойында кездесуден аяқталмаған сияқты сезінулер қалып қояды. Кездесу өткеннен кейін жазбалардың талдауын жүргізу қажет, бәлкім хаттама мәтінінде кодтар мен санаттарды анықтауға болады (тереңдетілген сұхбатқа ұқсас).

### ***Баяндау тәсілі***

Баяндау теориясының пайда болуы ғылымдағы постмодернизм ықпалымен, яғни, мәдениет ол мәтін, ал адамдар сол мәтінді тұрақты түрде қалыптастырып, өңдеп, түсіндіріп отырады деген идея айтылған сәттен бастап жүзеге асты. Бұл мағынада мәдениет туралы деректерді жинау және талдау әдістері зерттеуші тек әңгімеде айтылған деректерге ғана емес, респонденттердің баяндауына, түсіндірудегі ерекше стильдеріне, өткендерімен қазіргі жай-күйлерін баяндауларына баса назар аударатынына ықтималдық жоғары. Естеліктер әдейі немесе санасыз түрде кейінгі оқиғалардың әсерінен және айтушының жеке мақсаттарының ықпалымен өзгеріп отыратынын түсінген абзал.

Осы ретте діни конверсия тәжірибесі туралы әңгіме ерекше нарративті жанр ретінде қарастырылады, бір жағынан адам сол үрдіске өзінің көзқарасы туралы мәтін құраса, екінші жағынан, өзі үшін жаңа діннің мәтіндерімен танысады (тікелей діни мәтіндермен ғана емес, сонымен қатар, беделді ғалымдардың тізімімен, ақиқатты өмірмен байланысты түсіндірме модельдерімен және т.б. ). Ең бастысы «өз биографиясын қайта жазу», ауысу себептерін қайта қарау (ол үшін бірнеше ай не жылдар бойы үзілістен кейін қайта сұхбат жүргізу ерекше құнды болады) жәйттерін жіті тексеріп отыру маңызды.

Бұл тәсілдің негізгі әдісі ол тереңдетілген сұхбатқа ұқсас баяндау сұхбаты – алынған деректері келесіде бірден талдау жасалатын интервьюердың респондентпен еркін әңгімесі. Талдаудың маңызды элементі – әңгіменің фабуласы (яғни, оқиғалар тізбегі), сол оқиғалардың

тұсаукесер үлгісі және түсіндірмесі. Бұл әңгіменің мазмұныда үлгісіде зерттеуші үшін құнды болып табылатын жағдай. Сондай-ақ әңгіменің ең негізгі мағына құраушы бөлігі - ядролық баяндауды атап өткен жөн.

Бұл әдісті қолдану діни конверсияны зерттеудің не қажеттілігі бар егер ол бағытта ашық қол жетімді түрде көптеген сипаттамалар, конвертиттердің қолдарымен жазылған кітаптар, ғылыми басылымдар бар болса деген сұрақтарға толық жауап береді. Баяндау әрқашан жекеше болады және оның үлгісіне, тіпті адамдардың діни ауысуымен бірге жүретін фактілер тізбегі басқа адамдарға ұқсас болып көрінсе де ерекше назар аудару керек. Әрине, баяндау мәдени мән-мәтінді көрсетеді және өз алдына қазіргі ғалымдардың назар аударатын маңызды нысанын болып табылады.

### *Деректер жинаудың сандық әдістері*

Зерттеушілер сандық әдістерді қолданған кезде (мысалы, жаппай мауалнама және анкеталық сауалнама және т.б.) қойылатын негізгі сұрақтар құбылыстың кездесу жиілігі, санаттардың пайыздық арақатынасы, құбылыстың таралуы.

Сандық әдістерді қолданатын көптеген әлеуметтанулық зерттеулерде деректерді дұрыс жинап оларды бас жиынтықпен арақатынасын белгілеген жағдайда өкілдік шығады (яғни, мысалы, егер бір аймақта ауысу тәжірибесімен 10 мың адам болса, онда біз сауалнаманы тек 100 адамға ғана өткіземіз, сонда сол 100 адам өзінің жыныстық, жастық және кәсіби құрамы бойынша міндетті түрде сол 10 мың адамды шағылыстырып көрсетулері керек).

Сәйкесінше, бас жиынтықты білген жөн. Діни конверсияны зерттеу жағдайында жаңа дінге ауысқандардың (тіпті ауысқандар емес қатаң және саналы діндарлыққа келгендердің) саны, жас-жыныстық құрамы туралы қандайда бір нақты мәліметтер жоқ. Болжамды деректерді діни қатыстылығымен, егер дін туралы сұрақтар болса халық санағымен (Қазақстан жағдайында) байланысты сауалнаманы зерттеу нәтижесі ғана береді. Ол мүмкін, алайда деректерді сұқият қарауды талап етеді.

Осындай қиын, күрделі жағдайдан шығу жолы сапалы және сандық әдістерді қатысушыларды қатаң емес іріктеумен (өкілдік іріктеусіз)



араластыру тәсілі. Оған мысал ретінде АҚШ-та жүргізілген діни конверсияны зерттеуді айтуға болады. Ол жұмыстың теориялық негізі Ш. Страйкердің сәйкестендіру теориясы болды. Респонденттерді қарлы кесек әдісімен тандап алған және оларға діни көзқарастарын өзгерутуге бірнеше маңызды себептерді ұсынған, ал қатысушылар ол нұсқаларды маңыздылық ретімен бағалаған.

Дегенмен, зерттеу міндеттерін нақты анықтап, сауалнаманың мүмкіндіктерін пайдалану өте қызықты нәтиже беруі ықтимал. Сандық әдістерді қолданудың ең жарқын мысалы 40 астам ел бойынша деректердің талдауынан тұратын Гарвардтың ғалымдарымен оладың әріптестерінің еңбегі болды.<sup>31</sup> Ол жұмыстың теориялық негізі діни конверсияны жеке бастың рационалды таңдауы ретінде қарастыру тәсілі болды (rational individual choice). Ғалымдар жоғарғы халықаралық стандарттармен жүзеге асырылған Program және World Values Survey деректерін пайдаланды. Басты мақсат әртүрлі елдердегі 30 жастағы және одан жоғары жастағы тұрғындары үшін конверсия коэффициентін орнату еді. Ең жоғарғы көрсеткіш АҚШ, Канада, Чили және Жаңа Зеландия елдері үшін орнатылды. Сонымен қатар, құбылыстың көптеген қызықты корреляцияларымен аспектілері анықталды.

### *Case study*

Кейс стади (тақырыптық зерттеу) – нақты оқиғаны немесе оқиғаларды терең зерттеуді бағамдайтын ерекше ғылыми әдіс. Тақырыптық зерттеу сандық, сапалық және аралас әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Діни конверсияны зерттеуде кейс стадиді қолданудың классикалық мысалы ретінде Техастағы Біріктіру Шіркеуінің жас ерушілеріне арналған еңбекті атап өтуге болады.<sup>32</sup> Бұл еңбектің авторлары дінге келудің кезеңдерімен факторларын зерттеумен қатар одан шығудың аспектілерінде зерттеген.

---

<sup>31</sup> Barro, R., Hwang, J., & McCleary, R. Religious Conversion in 40 Countries. *Journal for the Scientific Study of Religion*, 49(1), 15–36. 2010

<sup>32</sup> Bromley, David G., and Anson D. Shupe. “Just a few years seem like a lifetime”: A role theory approach to participation in religious movements. In *Research in social movements, conflicts, and change*, volume 2, ed. Louis Kriesberg, 159–85. 1979

Конверсияны зерттеуде аталған бағыттардан басқа пәнаралық дәрежеде жаңа бағыттар да пайда болуда. Оның жарқын мысалы ретінде **когнитивті нейроғылымның жетістіктерін** атауға болады. Оның көмегімен ғалымдар мидың жұмыс істеу қызметінің өзгеруі адамның діни бағдарындағы өзгерістермен өзара байланысқа қалай түсетіндігін, мидың қызметімен діни ауысу арасында қандай байланыс бар екенін анықтауға болатынын және қандай қателіктерді жасамауға болатынын түсінуге тырысады.<sup>33</sup> Сонымен қатар, конверсияны зерттеудегі феминистік тәсіл, қазіргі қаманғы (нео) марксистік тәсіл және т.б. сол сияқты пәнаралық әдістемелік тәсілдерді атап өтуге болады.

---

<sup>33</sup> Bulkeley, Kelly, Religious Conversion and Cognitive Neuroscience, in Lewis R. Rambo, and Charles E. Farhadian (eds), The Oxford Handbook of Religious Conversion, Oxford Handbooks. 2014



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ КОНВЕРСИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Қазақстандағы діни конверсиялар туралы басылымдардың басым бөлігі тарихи тақырыптарды қамтиды, соның ішінде қазақтардың және олардың ата-бабаларының исламға ауысу тақырыбы өте маңызды<sup>34</sup>.

Ғылыми әдебиеттерде танымал тақырыптардың бірі ол діни конверсияны бір діннен екінші дінге ауысуды «діни қауіпсіздік» мәні-мәтінінде қарастыру.<sup>35</sup>

Сондай-ақ діни конверсия аспектілері дінді және діндарлықты зерттеу еңбектерінде жиі кездеседі. Оларда сандық әдістерді қолданудың нәтижелері кеңінен берілген. Мысалы, посткеңестік кеңістікте исламды зерттеу барысында келесідей санаттары анықталған «діни ережелерді сақтау кестесі» құрылған:

- «берілген діндарлар» (Қазақстанда 9% анықталған);
- орташа діндарлар;
- «кеңестік мұсылмандар»<sup>36</sup>.

Бұл зерттеудің деректерін егерде «діни конверсия» деген ұғым діни көзқарастары дінін ауыстырмай қатаң діндарлыққа өту деген мағынада пайдаланылса ескеруге болады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында діни конверсияға көп назар аударыла бастады. Бұл аталған тақырып бойынша профильдік ұжымдық жұмыстың жариялануынан байқалады (Религиозные конверсии в постсекулярном обществе, 2017) және біз оған көңіл бөлеміз.

Авторлар тек қана конверсияға қатысты проблемалармен байланысты мәселелерді ғана емес, сонымен қатар діннің маңыздылығын мойындау қажеттілігін дәлелдеу, маргиналдықтан бас тарты сияқты діни саясатты да зерттейді. Бұл әдіс постсекуляризммен тығыз байланысты

---

<sup>34</sup> Omelicheva, M.Y. Islam in Kazakhstan: A survey of contemporary trends and sources of securitization. Central Asian Survey 30(2):243-25, 2011

<sup>35</sup> Соколовский К.Г. Религиозная безопасность и вопросы государственно-конфессиональных отношений (на примере Республики Казахстан) // Вестник РМАТ. 2018. №2.

<sup>36</sup> Гимельфарб И., Есипова Н. Вариации соблюдения религиозных норм в постсоветской Центральной Азии и Азербайджане // Центральная Азия и Кавказ. 2015. №1.

(жоғарыдан қараңыз). Авторлардың пайымдауынша «зайырлы қоғам» және «дін» деген ұғымдарды жеке өмірде бөліп қарастыру өзекті емес. Шынымен де зайырлықпен діндарлықтың арасындағы шекаралардың жойылуы постсекуляризмнің негізгі мәнісі болыр табылады. Дегенмен, діндарлықтың жеке тәжірибесі бүгінгі күні қарастыру үшін айырықша маңызды, себебі руханилыққа деген жеке, рефлексік көзқарас қазіргі адамдардың діндарлығы өткен дәуірлерде дін болмыс деген көзқарастан айырықша.

Жинақта постсекуляризм, қазақстандық қоғамда діннің алатын орны және жаңа зерттеулердің (сауалнама және фокус-топ) нәтижелеріне арналған бір қатар теоретикалық эсселер бар. Авторлар жастардың «дәстүрлі емес діндерге» ауысуға ерекше назар аударған. Олардың пікірінше, діни ауысу адамның жас кезінде болады деп топшылаған. Ертедегі зерттеушілер сияқты ауысу алдында міндетті түрде жеке бас дағдарысы болатынын атап өткен: «Қазақстандағы діни конверсия әлеуметтенуге, жаңа ұжымдыққа ұмтылған, руханилықты іздеп жүрген жастарды және тұрақсыз тұрғындарды және азаматтарды квазидіндік құрылымдарға тартатын арнаға айналып барады. Ондай ұйымдарда болу ауысқандардың өмірін түпкілікті өзгертеді, олар көп жағдайда қазақстандық қоғамның құндылықтарымен, қазақстандықтардың бірлігі арқасында жеткен жетістіктермен байланыспайтын жаңа дүниетанымды ұстанушыларға айналады [13]. Сондай-ақ, жинақтың теориялық бөлігі негізінен сандық әдістерді қолдану негіздерін, конверсияның факторларымен себептерін, тіпті «қатысушылардың сапалы құрамын» анықтауға бағытталған (13, 149).

Жинақтың екінші бөлімінде өткізілген далалық зерттеулер туралы айтылған. Ол зерттеулерде Қазақстан халқы арасында өкілдік бойынша жаппай сауалнама (16 аймақтан 2500 респондент), 20 сарапшылық сұхбаты, case-study әдісі (оның көмегімен Қазақстанның әр аймақтарынан 50 аса ауысқандардың тарихы зерттелді) және студенттер арасындағы фокус-топтар сияқты әдістер қолданылған. Атап өтетін жәйт, барлық жағдайларда (case-study әдісінен басқасы) конверсия тәжірибесі емес, респонденттердің дінге және діндарлыққа, мемлекеттің жүргізетін діни саясатына, бір діннен екінші дінге ауысу феноменіне қатынасы зерттелді. Тақырыптардың бұндай ауқымды көлемі зерттеу нәтижесіне зор әсер етті.

Авторлардың case-study аясында жинаған деректері (С. 206 - 244) респонденттердің этникасымен білім дәрежесіне екіпнделген әлеуметтік-демографиялық жағдайын сипаттайды. Олар конверсияның белгілі бір түрлерін ұсынды («дәстүрлі», «өзін-өзі құтқарушы», «наразылықты», «балалық», «үлгілі» және басқалары) және сұхбаттан егжей-тегжейлі дәйексөздерді келтіріп тұрып, деректерге қалай талдау жасалғанын көрсеткен.

Жасалған қорытындылары біраз күмән тудырады, себебі 50 оқиғаны (іріктеу кезінде өкілдікті есепке алмағанда) талдау нәтижелері Қазақстандағы барлық конвертиттерге қатысты деп топшылаған. Авторлар ұсынған әдіс бірқилы және далалық зерттеулерге сүйенетіні өте құнды. Жинақта ұсынылған конверсия түрлерінің тізбесі бар әдіс жалпы қабылданған әдіс болып табылмайды, ол тек авторлардың өзіндік түсіндімесі (қазіргі замандағы ғылымда ол әбден заңды). Осындай зерттеулерде қорытынды нәтижеге зерттеушілердің мәдени бэкграунды ықпал етеді.

Жинақтың кілтті тақырыптарының бірі **діни таңдауға этно-мәдени бейімділік**. Ол теориялық тұрғыдан негізделген және сауалнама нәтижелерімен расталған. Оған сәйкес «міндетті идеологиялық парадигма ретінде дәстүрлі этномәдени діни сәйкестендіруді таңдау тұрақты, тіпті аздап өсуге бейім (55,8% - 64,8%). Сондай-ақ авторлар «статистикалық тұрғыдан елеусіз бірақ іс жүзінде діни өзіндік сәйкестендіруде бар, этномәдени дәстүрге қарамастан діни нанымдарды таңдайтындар санын (7,6%-дан 8,4%-ға дейін) тіркейді». 7% қазірдің өзінде статистикалық маңызды көрсеткіш екенін ескеріңіз, сондықтан оны мүлдем елемеуге болмайды. Сондай-ақ авторлар «22,5%-дан 30%-ға дейінгі аралықта тіркелген діни конверсияларға қатысуы мүмкін» адамдар туралы мәліметтерді ұсынады [13, 163].

Аталған жинақ зерттеу тақырыбымен міндеттерін таңдау және діндарлықты және конверсияны зерттеуде теориялық тәсілдерді тегжейлі қарастыру тұрғысынан бірегей басылым болып табылады. Алайда, оның кем тұстары да бар: келесі сұхбаттарға ықпал еткен теориялық бөліктегі тым бұлыңғыр фокус, қорытынды нәтижелерді жалпылауға ұмтылу (мысалы, студенттер ғана қатысқан фокус-топтардың нәтижелері

Қазақстанның бүкіл халқына экстраполяцияланады). Жинақтың күшті жағы әрине, дәйексөздердің көп болуында, алайда, олардың басым бөлігі діни конверсияға еш қатысы жоқ, көбінесе діни саясатқа деген қатынастарына қатысты. Сонымен қатар, авторлар жинақтың тақырыбына феноменологиялық тәсілді де енгізген, бірақ оның нақты неде айқындалатынын және оның деректерді жинау мен талдауға қалай әсер еткенін еш жерде нақты көрсетпеген.

Конверсияны зерттеуге Қазақстанда әлсін-әлсін бар діни қауымдардың ашық дереккөздерін бақылау және талдау арналды. Бұл қауымдар авторламен «жаңа діни қозғалыстар» деген атаумен белгіленген және бұл санатқа протестанттар жатқызылған<sup>37</sup> (Королёва, 2010). Мәтінде даулы теориялық нұсқамалар бар, ал ұсынылған сандық деректер верификацияланбайды, яғни тексеру мүмкін емес.

Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығында 2023 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің тапсырысымен келесі тақырыптар бойынша зерттеулер жүзеге асырылуда: «Қазақстан Республикасындағы діни конверсиялар: ағымдағы жағдайды талдау». Қорытынды нәтижесі бойынша талдамалық баяндама әзірленеді. Ары қарай төменде сарапшылық және тереңдетілген сұхбаттардың гайдын ұсынамыз және оларды әдістемелік материалдар ретінде қарастыруға болады.



## САРАПШЫЛЫҚ СҰХБАТТЫҢ ГАЙДЫ

(қоғам өкілдері, ДІБ/ДЗО қызметкерлері және ғылыми және сарапшылық қауымдастық)

### Интервьюер үшін ескертулер

*\* Респондентке сұхбаттың диктофонға жазылатыны туралы алдын ала хабарлаңыз.*

*\* Зерттеудің құпиялылығы туралы сұхбат берушіні хабардар ету қажет.*

---

<sup>37</sup> Королёва Е. В. Особенности миссионерской деятельности новых религиозных движений в современном Казахстане // Вестник РУДН. Серия: Социология. 2010. №2.

*\* Төмендегі тізімге енбеген сұрақтар сараптамалық сұхбаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек.*

Сәлеметсіз бе! Менің атым \_\_\_\_\_.

Біз діни конверсия мәселесі бойынша зерттеу жүргізіп жатырмыз. Бізді діни конверсия, яғни бір діннен екінші дінге өтуге қатысты барлық нәрсе қызықтырады. Осы өзекті тақырып бойынша өз біліміңіз бен пікіріңізді бізбен бөлісуге уақыт бөлсеңіз, біз өте риза боламыз.

Этикалық аспектілерді сақтау үшін біз сіздің жеке деректеріңізді көрсетпей, барлық алынған деректерді жалпылама түрде талдаймыз және ұсынамыз. Бірақ, егер сізге арнайы сілтеме жасауды қаласаңыз, бізге айтыңыз.

Қарсы болмасаңыз, сұхбатты бастайық.

### **Сұрақтар:**

1.       Өзіңізді таныстырыңыз, өзіңіз туралы айтып беріңізші, қайда және кім болып жұмыс істейсіз? Сіздің кәсіби қызығушылықтарыңыз қандай?

2. Конверсия тақырыбы сіздің зерттеу қызығушылықтарыңызда ма? Жұмыс барысында қаншалықты жиі кездесесіз осы тақырыппен?

**I бөлім. Діни конверсияларды зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілері.**

1.       Діни конверсия дегенді қалай түсінесіз?

2.       Сіздің ойыңызша, қазіргі Қазақстан қоғамында діни конверсия қаншалықты кең таралған?

3.       Қазақстанда қай діндер арасында конверсия жиі кездеседі?

**II бөлім. Конверсияның себептері мен қозғаушы күштері**

4.       Сіздің ойыңызша, конверсияның негізгі себептері мен мотивтері қандай?

5.       Сіздің ойыңызша, жаңадан дінді қабылдағандардың құндылықтары қалай өзгереді?

6.       Діни конверсия мәселесінде діни бірлестіктер қызметінің қандай факторлары маңыздырақ? Олардың әрекеттері қаншалықты табысты дей аласыз?

7. Діни конверсия жасаған адам үшін қандай салдары бар? Неофит дінді қабылдағаннан кейін қандай қиындықтарға тап болады?
8. Діни конверсия нәтижесінде кімдер жиі келеді? Қандай жас категориялары бар? Кім басымырақ ерлер немесе әйелдер?
9. Қандай ұлт өкілдері бар? Қай ұлт басымырақ?
10. Қай әлеуметтік топтар діни конверсияға көбірек бейім?
11. Бір адамның бірнеше конверсия жасайтын мысалдары қаншалықты жиі кездеседі?

## **II бөлім. Қазақстандағы қоғамдық қатынастар жүйесіндегі діни конверсияның орны**

12. Бұқаралық ақпарат құралдарында, интернетте конверсия тақырыбы қалай көрсетіледі?
13. Діни бірлестіктердің әлеуметтік желілерінде конверсияға бағытталған интернет-қауымдастықтар бар ма?
14. Конверсиядан өткен діндарлар тарапынан белсенді қоғамдық-саяси ұстаным байқалады ма?
15. Діни бірлестіктердің конверсияға қатысты қатынасын қалай сипаттай аласыз?
16. Сіздің ойыңызша, діни конверсиялар еліміздегі қоғамдық-саяси жағдайға әсер ете ала ма?
17. Қазақстандық қоғамдағы діни конверсия жағдайы туралы қандай болжамдар жасай аласыз, оның болашағы қандай?

**Қызықты және терең сұхбатыңыз үшін көп рахмет!**

## **ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ЛИДЕРЛЕРІМЕН САРАПШЫЛЫҚ СҰХБАТ ГАЙДЫ**

### **Интервьюер үшін ескертулер**

- \* Респондентке сұхбаттың диктофонға жазылатыны туралы алдын ала хабарлаңыз.*
- \* Зерттеудің құпиялылығы туралы сұхбат берушіні хабардар ету қажет.*
- \* Төмендегі тізімге енбеген сұрақтар сараптамалық сұхбаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек.*



Сәлеметсіз бе! Менің атым \_\_\_\_\_.

Біз діни конверсия мәселесі бойынша зерттеу жүргізіп жатырмыз. Бізді діни конверсия, яғни бір діннен екінші дінге өтуге қатысты барлық нәрсе қызықтырады. Осы өзекті тақырып бойынша өз біліміңіз бен пікіріңізді бізбен бөлісуге уақыт бөлсеңіз, біз өте риза боламыз.

Этикалық аспектілерді сақтау үшін біз сіздің жеке деректеріңізді көрсетпей, барлық алынған деректерді жалпылама түрде талдаймыз және ұсынамыз. Бірақ, егер сізге арнайы сілтеме жасауды қаласаңыз, бізге айтыңыз.

Қарсы болмасаңыз, сұхбатты бастайық.

### **Сұрақтар:**

#### **I бөлім. Әртүрлі конфессиялардағы конверсия түсінігі**

1. Сіздің ойыңызша, діни конверсия дегеніміз не?
2. Діни конверсияға көзқарасыңыз қандай? Бұл сіз және сіздің діни бірлестігіңіз үшін қаншалықты маңызды?
3. Сіздің ойыңызша, қазіргі қоғамда діни конверсияның таралу деңгейі қандай?
4. Қазақстанда қай діндер арасында конверсия жиі кездеседі?

#### **II бөлім. Діни конверсия себептері мен қозғаушы күштері.**

5. Сіздің ойыңызша, діни конверсияның негізгі себептері мен мотивтері қандай?
6. Сіздің ойыңызша, сенушілердің дәстүрлі діннен дәстүрлі емес дінге және керісінше ауысуының себептері неде?
7. Конверсиядан өткен сенушілердің құндылықтары қалай өзгереді?
8. Діни конверсия тұрғысынан діни бірлестіктер қызметінің маңызды факторлары қандай? Бұл қызмет қаншалықты сәтті деуге келеді?
9. Діни конверсиядан өткен адам үшін қандай салдары болуы мүмкін? Неофит дінің өзгерткеннен кейін қандай қиындықтарға тап болады?
10. Діни бірлестік діни конверсиядан кейін алғашқы кезеңде дінің өзгерткен адамға қандай көмек көрсетеді?
11. Қандай тұлға типтері діни конверсияға көбірек бейім? Қандай жас категориялары бар? Қай жыныс басымырақ, ерлер немесе әйелдер?

12. Қандай ұлт өкілдері бар? Қай ұлт басымырақ?
13. Қай әлеуметтік топтар діни конверсияға көбірек бейім?
14. Бір адамның бірнеше діни конверсиядан өту мысалдары қаншалықты жиі кездеседі?
15. Сіздің ойыңызша, діни конверсиядан өту үшін діни қызметкердің тұлғасы қаншалықты маңызды? Діни конверсияның сәтті өтуі үшін дін қызметкерінің қандай қасиеттері маңызды??
16. Сіздің ойыңызша, діни конверсиялар қоғамдық-саяси жағдайға қалай әсер етуі мүмкін?
17. Қазақстандық қоғамдағы діни конверсия жағдайы туралы қандай болжамдар айта аласыз, оның болашағы қандай?

**Қызықты және терең сұхбатыңыз үшін көп рахмет!**



## **ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН СҰХБАТ ГАЙДЫ**

### **Тереңдетілген сұхбаттың гайды**

*Интервьюер үшін ескертулер*

*\* Респондентке сұхбаттың диктофонға жазылатыны туралы алдын ала хабарлаңыз.*

*\* Интервью барысында респонденттің сөзің кеспеуге тырысыңыз тоқтатпаңыз*

***Сәлеметсіз бе!***

***Менің атым \_\_\_\_\_.***

Біріншіден, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін көп рахмет. Сіздің пікіріңіз біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды.

Екіншіден, біздің әңгімеміз диктофонға жазылатының ескерткім келеді. Осы ретте, сұхбат анонимді болатынын айтып кеткім келеді, яғни сіздің жеке деректеріңіз жария етілмейді, өйткені сұхбаттың ақпараты жалпылама түрде қолданылады. Аудио жазба жалпы талдау жүргізу үшін, ештенені назардан тыс қалдырмау үшін, Сіздің айтқан сөзіңізді бұрмалаусыз алу үшін қажет.

## **I. Әлеуметтік-демографиялық блок**

1. Сіздің аты-жөнііз?
2. Жасыңыз нешеде?
3. Сіздің біліміңіз қандай?
4. Сіз немен айналысасыз?
5. Сіздің ұлтыңыз қандай?
6. Қазіргі таңда қандай дінді, қандай діни бағытты ұстанасыз?

## **II. Респонденттің жалпы өмірбаяны**

Әуелі өмірбаяныңызға тоқталайық. Өзіңіз туралы, отбасыңыз туралы айтып беріңізші.

1. Сіздің ата-анаңыз кім? Бауырларыңыз, әпкелеріңіз бар ма? Балаларыңыз? Олардың дінге қатысы қандай? Егер олар сенушілер, діндар болса, олар өздерін қандай дінге жатқызады? Олар қаншалықты діндар? Олардың діндарлығы қалай көрініс табады?
2. Бұл дінге келмес бұрын, қандай сенімде болдыңыз?

## **III. Конверсия тәжірибесі. Уәждемелер, себептер, құндылықтар.**

Енді сіздің сеніміңіз туралы сөйлесейік.

3. Қалай болғаны есіңізде ме? Нақты осы дінге сенуіңізге не себеп болды?
4. Сіз қашан (қай жаста?) дініңізді қабылдадыңыз?
5. Сіздің таңдауыңызға кім әсер етті? Не әсер етті?
6. Сіздің өміріңіз қалай өзгерді? Не өзгерді?
7. Не өзгеріссіз қалды?
8. Қазіргі уақытта қандай діни жораларды, рәсімдерді орындайсыз?
9. Өкініш, қанағаттанбау сәттері болды ма?
10. Дініңізді ауыстыру барысында қандай қиындықтарға тап болдыңыз?
11. Бұрынғы дінде сізге не ұнамады? Бұрынғы дінде не құнды болды?

## **IV. Әлеуметтік орта және қарым-қатынастар**

Сіздің ортаңыз туралы сөйлесейік.

12. Сіздің дініңізді өзгертуге/көшуіңізге жақындарыңыз: ата-анаңыз, туыстарыңыз және достарыңыз қалай қарады?

13. Сіздің әлеуметтік ортаңыз қалай өзгерді?
14. Діни қауымыңыздың өмірінде қаншалықты белсендісіз?
15. Сіздікінен басқа сенімдегі, дүниетанымы басқа адамдарға қалай қарайсыз?
16. Дінін өзгерткісі келетіндерге қандай кеңес бере аласыз, оларды не күтеді? Оларды қандай перспективалар күтеді, олар немен бетпе-бет келеді?
17. Өзіңіз туралы, мәдениетіңіз туралы тағы не айтқыңыз келеді?

### **Қызықты және терең сұхбатыңыз үшін көп рахмет!**

Осылайша, Қазақстанда жүргізілетін немесе Қазақстан бойынша деректерді пайдаланатын зерттеулер негізінен дінмен діндарлыққа арналған және көп жағдайда зерттеудің сандық әдістеріне негізделген және әлемдік ғылымда діни конверсияны зерттеуден ерекшеленеді. «Діни қауіпсіздік», діннің қоғамдағы алатын орны емес нақты діни конверсияға қатысты сапалы зерттеулердің жетіспеушілігі анық.

Мысалы, құдайға құлшылық ету тәжірибесінің тілі, оның конвертиттерге әсер ету мәселесі әлсіз ашылған, баяндау және қосылған бақылау әдістерінің әдістемелік тұрғыда дұрыс қолдану жұмыстары жеткіліксіз. Сондықтан Қазақстандағы діни конверсия тақырыбы әртүрлі діни тәжірибелері бар адамдардың бірін-бірі жақсы түсінулері үшін жаңа зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктерге жол ашады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуге қатысты зияткерлік дәстүрлер және ерекше тәсілдер әлеуметтік құбылысты түсініп, сияптауға жәрдемдеседі. Кейде олар оны бұрмалайды, алайда негізгі міндеттерді орындамай сол арқылы жаңа әлеуметтік құбылыс тудырады. Ондай мысалдарды алдымен психика патологиясы немесе «күнә сезінуінен арылу» тәсілі ретінде қарастырылатын діни конверсияны зерттеу жұмыстарынан табуға болады.

Көбінесе XX ғасырдың екінші жартысында діни конверсия жаңа діни ағымдар мән-мәтінінде зерттелді. Дәл сол кезде ғалымдар адамдар неге жаңа дінге «миды жуып-шаю» болжамы арқылы келетінін деп түсіндірді. Ол кезде сол гипотеза «жаңа дінді ұстанушылар арасындағы діни таңдау мәселесін елемей, жаңа діндер мәселесін құрастырды».<sup>38</sup>

Бүгінгі күні адамдар неге діни көзқарастарын ауыстырады деген тарихта өткен ескі түсіндірмелерді жоққа шығарады, алайда ол түсіндірмелер кең ортада әлі күнге дейін танымал. Соған қарамастан діни конверсияны зерттеу жаңа түсіндірмеге ие болды, себебі дінге деген көзқарас, оның қоғамдағы рөлі, орны және діндарлықты зерттеу әдістері өзгерді және ол өзгерістерге бір жағы себеп болған ол жаңа ғылыми деректер және солардың негізінде қалыптасқан тәсілдер.

Діни конверсияны қазіргі заманғы зерттеудің теориялық негіздері әлемдік тәжірибеге сай болып конверсия тәжірибесі бар адамдарға (зерттелді ма жоқ па, соған қарамастан) этикалық қатынас болуы қажет. Сондай-ақ, әдістерді мұқият таңдау және деректерді талдау қажет. *Маңызды теориялық идеялардың арасынан келесілерді атап өтуге болады:*

1. Діни конверсия ұғымын діни идеялар, дінді өзгертпестен өзгертуге дейін түсінуді кеңейту;
2. Адамдардың конверсияға бейім түрлерін анықтау талпынысынан, конверсия алдында міндетті түрде жеке бас дағдарысы болу керек немесе белгілі бір білім дәрежесі, қаржылық проблемалары болу керек деген идеядан бас тарту;

---

<sup>38</sup> Cowan, Douglas E. Conversion to New Religious Movements. in Lewis R. Rambo, and Charles E. Farhadian (eds), The Oxford Handbook of Religious Conversion, Oxford Handbooks, 2014

3. Кенеттен болатын конверсияны ғана «шынайы» деген тезистен бас тарту;
4. «Миды жуып-шаю» болжамын жоққа шығару, жеке адамның рационалды таңдауын конверсияның маңызды факторы ретінде мойындау;
5. Дінге ауысуға діни ілімнің өзінен немесе жеке жағдайыан да көбірек әсер ететін әлеуметтік байланыстардың маңыздылығын мойындау;
6. Діни конверсия тақырыбы бойынша жаңа зерттеу нысандарын енгізу: мән-мәтін, баяндау, трансформация, діни ауысу мансәбы, деавтоматтандыру, деконверсия және т.б.

Деректерді жинау және талдау үшін қолданылатын әдістердің арасынан сапалы, сандық және аралас әдістерді атап өтуге болады, алайда олардың әрбіреуін қолдану қазіргі заманғы ғылыми парадигмаға сәйкес болуы шарт.



## ДІНИ КОНВЕРСИЯ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИЙІ

<b>Адепт</b>	қандай да бір діни ілімнің жақтаушысы, ізбасары.
<b>Аффилиация</b>	бұл басқа адамдардың қоғамында болуға деген ұмтылыс, адамның басқа адамдармен сенімді, эмоционалды маңызды қарым-қатынастар құру қажеттілігі.
<b>Деавтоматизация</b>	топқа немесе қауымдастыққа бірігу нәтижесінде адамның өмірді қабылдауының үйреншікті тәсілдерін қайта құрылымдау үрдісі, оның қабылдауының осы топтың дүниетанымымен сәйкес келуіне әкеледі.
<b>Деконверсия</b>	адамның бұрын қосылған діни қозғалыстан немесе қауымдастықтан шығу процесі.
<b>Рухани трансформация</b>	діни көзқарастардың біртіндеп өзгеруі. Кей кезде діни конверсияға синоним ретінде қолданылады, бірақ өзгерістер баяу жүретінін ескеру қажет.
<b>Евангелизация</b>	христиандықта бұл Евангелиені уағыздау, діни ілімді барлық әлемге тарату әрекеті.
<b>Институционалды конверсия</b>	бұл үлкен діни бағыттың ішінде бір діни кіші топтан екіншісіне өту, мысалы, баптизмнен Рим-католиктік шіркеуіне өту.
<b>Интенсификация</b>	Адам немесе топ бір діни дәстүрден екіншісіне өтпей, сол өздері

	тәрбиеленіп, қатысқан діни дәстүрдің аясында бұрынғыдан тақуа бола түсетін діни конверсия формасы.
<b>Діни конверсия мансәбы</b>	адам өзінің діни жолы барысында жасайтын діндерді немесе діни көзқарастарды таңдау сериясы.
<b>Шомылдыру</b>	христиандықтағы инициация рәсімі. Сондай-ақ христиандыққа діни конверсия шомылдару рәсімі арқылы жүзеге асырылады.
<b>Діни конверсия</b> (конверсия, діни ауысу)	діни нанымдарды өзгерту және жаңа діни сенімді қабылдау үрдісі. Бұл діннің өзгеруі, діндарлықтың артуы немесе күпірліктен сенімге көшу болуы мүмкін. Бұл үрдіс кенеттен немесе біртіндеп жүзеге асуы мүмкін (соңғы жағдайда «Рухани трансформация» термині қолданылуы мүмкін).
<b>Конвертит</b>	діни конверсиядан өткен немесе дінді қабылдаған адамға қатысты айтылатын термин.
<b>Дінге өту себебі</b>	адамды діни сенімдерді қабылдауға және белгілі бір дінге бет бұруға итермелейтін себеп.
<b>Мәжбүрлі индокринация</b>	Қандай да бір субъектінің құндылықтарды, мақсаттарды және идеологияларды тұлғаға (топқа, халыққа) күштеп таңуы. Белгілі бір қоғамдық сананы қалыптастыру үшін қандай да бір саяси идеяны, доктринаны, діни ілімді қоғамда немесе әлеуметтік топта мақсатты түрде тарату.



<b>Жаңа діни қозғалыстар (ЖДҚ)</b>	жаңа діни ілімдердің қалыптасуы немесе дәстүрлі діни тәжірибелерді қайта қарау нәтижесінде пайда болатын топтар немесе ұйымдар. Термин өте кең шеңберде қолданылады. ЖДҚ-дың жалпы қабылданған тізімі жоқ.
<b>Діни конверсияны зерттеудің «жана парадигмасы»</b>	әлеуметтік-мәдени факторларды, конверсияның біртіндеп болатын үрдісін, адамның жеке таңдауымен субъектілігін мойындауды, ересек жастағы конверсияға назар аударыды зерттеуге бағдарланған заманауи тәсіл. Конверсияны психологиялық тұрғыда зерттеу жұмыстарында ерекше маңызға ие.
<b>Прозелитизм</b>	Діни ілімді таратуға және діни қауымдастыққа жаңа мүшелерді тартуға бағытталған қызмет. Сондай-ақ адамның бір діннен екіншісіне өтуіне әкелетін әрекеттерге де қатысты болуы мүмкін.
<b>«Миды жуып-шаю» немесе «Brainwashing»</b>	адамның санасын белгілі бір психологиялық әдістердің көмегімен өзгертуге немесе бақылауға болады деп қарастыратын тұжырымдама. «Миды жуып-шаю» сыни немесе тәуелсіз ойлау қабілетін төмендетеді, жаңа, қажетсіз ойлар мен идеяларды санаға енгізуге, сонымен қатар, көзқарастарды, құндылықтар мен сенімдерді өзгертуге мүмкіндік береді.

<b>Этникалық мұсылман</b>	өзінің этникалық қатыстылығына байланысты өзін мұсылман деп анықтайтын адамға қатысты қолданылатын термин. Осыған ұқсас терминдерді басқа діндерде де қолдануға болады.
<b>Шахада</b>	Ислам дінін қабылдау туралы ауызша куәлік. Сондай-ақ исламдағы діни конверсия үрдісі кезінде шахада айтылуы қажет.

## КОНВЕРСИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000953> - дата обращения: 30.06.2023.
2. Gooren H. Religious Conversion and Disaffiliation. Tracing Patterns of Change in Faith Practices, 2010.
3. Barro, R., Hwang, J., & McCleary, R. Religious Conversion in 40 Countries. *Journal for the Scientific Study of Religion*, 49(1). 2010. – с.33.
4. Habermas, Jürgen (September 2008). Notes on Post-Secular Society. *New Perspectives Quarterly*. 25 (4): 17–29.
5. Узланер Д. А. Постсекулярный поворот. Как мыслить о религии в XXI веке. М.: Изд-во Института Гайдара, 2020.
6. Straus, Roger A. Religious conversion as a personal and collective accomplishment. *Sociological Analysis* 40 (2): 1979, 158–165; Peek, L. Becoming Muslim: The Development of a Religious Identity *Sociology of Religion*, Autumn, 2005, Vol. 66, No. 3.
7. Kilbourne, B., & Richardson, J. T. (1989). Paradigm Conflict, Types of Conversion, and Conversion Theories. *Sociological Analysis*, 50(1), 1–21.
8. Сгибнева О. И. Религиозные конверсии в современной России // *Logos et Praxis*. 2017. №1, с. 82.
9. Посацки, А. Духовность в постсекулярной эпохе и проблемы конверсии как инициации // *Религиозные конверсии в постсекулярном обществе*. – 2017, с. 33.
10. Смирнов М.Ю. О религиоведении, религии и религиозности // *Вестник РХГА*. 2008. № 2, с. 68.
11. Levtzion, N., ed., *Conversion to Islam*. New York and London: Holmes & Meier Publishers – 1979. – 272 p.
12. Rambo, L. R., Farhadian, C. E., & Baer, M. D. (2014). History and Religious Conversion. // *The Oxford handbook of religious conversion*. Oxford University Press, 2014.
13. Hedrick, C. W. (1981). Paul's Conversion/Call: A Comparative Analysis of the Three Reports in Acts. *Journal of Biblical Literature*, 100(3), 415–432.
14. Beit-Hallahmi B., & Argyle M. The psychology of religious behaviour, belief, and experience. – L.: Routledge, 1997, с. 115.

15. Lofland J., & Skonovd N. Conversion motifs // *Journal for the Scientific Study of Religion*. – 1981. – Vol. 20.
16. Snow, D. A., and C. L. Phillips. The Lofland-Stark conversion model: A critical reassessment. *Social Problems* 27 (4), 1980.
17. Richardson, J.T. Conversion Careers // *Society*. – 1980. – Vol. 17(3).
18. Barker, E. *The Making of a Moonie: Choice or Brainwashing?* (1984) Blackwell's, Oxford, UK.
19. Finke R., Stark R. *The Churching of America: Winners and Losers in our Religious Economy*. New Brunswick; New Jersey: Rutgers University Press, 1992
20. Straus, Roger A. Religious conversion as a personal and collective accomplishment. *Sociological Analysis* 40 (2): 158–165, 1979.
21. Stryker, Sheldon, and Peter J. Burke. “The Past, Present, and Future of an Identity Theory.” *Social Psychology Quarterly* 63, no. 4 (2000): 284–97.
22. Carrothers, R. M. Identity Consequences of Religious Changing: Effects of Motivation for Change on Identity Outcomes. *Sociological Focus*, 43(2), 150–162. 2010.
23. Richardson J.T. Conversion Careers // *Society*. – 1980. – Vol. 17(3)
24. Rambo L.R. *Understanding Religious Conversion*. – New Haven: Yale University Press, 1993.
25. Cragun, R. 2006. Religious change and religious exiting: A test of a unified role theory. Draft Chapter 1 of PhD dissertation, University of Cincinnati.
26. Ардашева Л.А. Основные парадигмы в изучении религиозного обращения // *Религиоведение*. 2013. № 2. С. 150-162.
27. Излученко Т. В. Неэтнические мусульмане как фактор радикализации ислама // *Вестник БГУ*. 2017. №2.
28. Lofland J., & Skonovd N. Conversion motifs // *Journal for the Scientific Study of Religion*. – 1981. – Vol. 20.
29. Saalman, G. Clifford Geertz: the philosophical transformation of anthropology // A. K. Giri & J. Clammer (Eds.), *Philosophy and Anthropology: Border Crossing and Transformations* (pp. 217–230). Anthem Press, 2013.
30. Peek, L. Becoming Muslim: The Development of a Religious Identity *Sociology of Religion*, Autumn, 2005, Vol. 66, No. 3.

31. Barro, R., Hwang, J., & McCleary, R. Religious Conversion in 40 Countries. *Journal for the Scientific Study of Religion*, 49(1), 15–36. 2010.
32. Bromley, David G., and Anson D. Shupe. “Just a few years seem like a lifetime”: A role theory approach to participation in religious movements. In *Research in social movements, conflicts, and change*, volume 2, ed. Louis Kriesberg, 159–85. 1979.
33. Bulkeley, Kelly, Religious Conversion and Cognitive Neuroscience, in Lewis R. Rambo, and Charles E. Farhadian (eds), *The Oxford Handbook of Religious Conversion*, Oxford Handbooks. 2014.
34. Omelicheva, M.Y. Islam in Kazakhstan: A survey of contemporary trends and sources of securitization. *Central Asian Survey* 30(2):243-25, 2011.
35. Соколовский К.Г. Религиозная безопасность и вопросы государственно- конфессиональных отношений (на примере Республики Казахстан) // Вестник РМАТ. 2018. №2.
36. Гимельфарб И., Есипова Н. Вариации соблюдения религиозных норм в постсоветской Центральной Азии и Азербайджане // Центральная Азия и Кавказ. 2015. №1.
37. Королёва Е. В. Особенности миссионерской деятельности новых религиозных движений в современном Казахстане // Вестник РУДН. Серия: Социология. 2010. №2.
38. Cowan, Douglas E. Conversion to New Religious Movements. in Lewis R. Rambo, and Charles E. Farhadian (eds), *The Oxford Handbook of Religious Conversion*, Oxford Handbooks, 20.

**Центр Н.Назарбаева по развитию межконфессионального и  
межцивилизационного диалога**

**КРАТКОЕ СПРАВОЧНОЕ ПОСОБИЕ ПО РЕЛИГИОЗНОЙ  
КОНВЕРСИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*для студентов, магистрантов и докторантов учебных заведений  
теологических и религиоведческих специальностей вузов*

**Астана 2023**

**Краткое справочное пособие по религиозной конверсии в Республике Казахстан [Электронный ресурс] / Карабаева М.С., Камарова Р.И., Малгараева З.Б., Кикимбаев М.Ж., Иманмухамед Д.С., Жакиянов Д.Ж., Идрисов А.Ж., Укенов А.С., Сағынбек Г.Н. – Астана: НАО «Центр Н. Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога», 2023. – 103 с.**

Краткое справочное пособие выполнено в рамках государственного задания Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан и содержит материалы исследования по вопросам религиозных конверсий.

В пособии представлены актуальные теоретические дискурсы и методологические подходы по изучению религиозных конверсий, а также выявлены их ключевые особенности в Казахстане. В качестве практической поддержки для проведения исследований предлагаются различные гайды глубинных и экспертных интервью.

Данное краткое справочное пособие предназначено для учащихся высших учебных заведений теологических и религиоведческих специальностей, государственных служащих, работников сферы образования, религиоведов, теологов, экспертов, а также всех заинтересованных лиц.

© НАО «Центр Н. Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога»

## **СОДЕРЖАНИЕ**

<b>Введение.....</b>	<b>53</b>
<b>Основные теории религиозной конверсии.....</b>	<b>55</b>
<b>Методологические подходы к изучению религиозной конверсии.....</b>	<b>72</b>
<b>Изучение религиозных конверсий в Казахстане.....</b>	<b>84</b>
<b>Заключение.....</b>	<b>95</b>
<b>Глоссарий основных терминов по религиозной конверсии.....</b>	<b>97</b>
<b>Список актуальной литературы по изучению конверсий.....</b>	<b>101</b>



## ВВЕДЕНИЕ

Краткое справочное пособие представляет собой практическое руководство для проведения теоретической и полевой работы по изучению феномена религиозной конверсии. Это, своего рода, методические рекомендации, основанные на обширном анализе существующих исследований, в том числе с учетом контекста Казахстана.

Актуальность данного краткого справочного пособия обусловлена необходимостью исполнения Комплексного плана по реализации государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2021-2023 годы, согласно которому для обеспечения межконфессионального согласия и стабильности в казахстанском обществе необходимо «проводить регулярный мониторинг и прогнозирование дальнейшего развития религиозной ситуации в стране и за ее пределами, чтобы не допустить возникновения межрелигиозных и межэтнических конфликтов в обществе»<sup>1</sup> (положение б).

Целью написания краткого пособия является теоретико-методологическая поддержка учебно-образовательного процесса для студентов религиоведческих и теологических специальностей в вузах страны, вместе с тем, чтобы помочь молодым исследователям и преподавателям, которые работают над темой религиозной конверсии.

Для этого предпринята систематизация основных подходов к изучению религиозной конверсии, которые могут быть использованы в дальнейшей исследовательской и преподавательской деятельности, обобщение имеющихся данных в мировой науке, а также по постсоветскому пространству и конкретно по Республике Казахстан.

Краткое справочное пособие охватывает три основных аспекта: теории, методические подходы и опыт изучения конверсий в Казахстане.

В первой части представлен **обзор различных теорий**, связанных с религиозными конверсиями. Рассматриваются как классические, так и современные теоретические подходы, предлагающие различные объяснения мотивов, процессов и последствий религиозного обращения.

---

<sup>1</sup> <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P20000000953> - дата обращения: 30.06.2023.

Теоретические модели включают в себя подходы различных дисциплин, а также проблемные междисциплинарные области.

Во второй части **предлагаются методические рекомендации**, ориентированные на изучение религиозных конверсий. В них представлены различные методы сбора данных, включая качественные и количественные исследования, а также рекомендации по интервьюированию и проведению фокус-групп.

Дополнительно, особое внимание уделяется этическим вопросам и конфиденциальности при исследовании религиозных конверсий.

Третья часть справочного пособия основана **на опыте изучения религиозных конверсий** в Казахстане. Рассматривается имеющийся опыт, анализируются особенности контекста, а также предлагаются примерные гайды для проведения экспертных и глубинных интервью.

Данное справочное пособие предназначено для студентов, магистрантов и докторантов учебных заведений теологических и религиоведческих специальностей вузов, а также всех интересующихся темой религиозной конверсии.



